

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КИ СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 124 (9701)

1955

ЖЫЛҒЫ

24

июнь

Жұма

Шығуына 36 жыл.

жеке саны 20 тыйын.

Совет және Индия халықтарының игілігі үшін, жаппай бейбітшілік пен бүкіл адамзат игілігі үшін совет - индия достығы дамып, нығая берсін!

Партия насихатшысы

Коммунистік партия өзінің бүкіл саясатын ғылыми негізге сүйеніп жүргізеді. Ол маркстік-лениндік теорияны әрқашан басшылыққа алып отырады. Сондықтан да партия барлық адамдардың, ең алдымен коммунистердің маркстік-лениндік теориямен қарулануына, өндірістік процеске, қоғамдық оқыйғаларға саналы араласуына айрықша көңіл бөліп келеді.

Кәзір, бүкіл совет халқы партияның кеменгер басшылығы арқасында коммунистік қоғам орнату үшін қажырлылықпен күресіп жатқан кезде, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісі, оларды маркстік-лениндік теориямен қаруландыра беру міндеті ерекше маңыз алып отыр. Бұл салада біздің насихатшыларымыз көрнекті роль атқарады.

Партия насихатшысының негізгі міндеті—еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру, олардың арасында маркстік-лениндік теорияны тынбастан насихаттау, партия саясатын күнбе-күн және кеңінен түсіндіру. Осындай әрі жауапты, әрі абыройды міндетті ойдағыдай орындай алатын болуы үшін насихатшыға зор талаптар да қойылады.

Партия насихатшысы ең алдымен марксизм-ленинизмді, оның классиктерінің негізгі шығармаларын, партия мен үкметтің аса маңызды қаулы-қарарларын жақсы біліп, Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаты мәселелерін еркін түсінетін болуы және әрқашан еліміз алдында, облыс, аудан алдында, колхоз, совхоз бен МТС алдында, кәсіпорын және мекеме алдында тұрған шаруашылық, саяси міндеттерді біліп отыруы керек. Оның ой-өрісі кең, жан-жақты білімі болуы қажет.

Алайда, партия насихатшысы үшін мұның өзі дежеткілісіз. Ол өзінің мол біліміне сүйене отырып, қайсыбір мәселелерді өзінің тыңдаушыларына шебер түсіндіре білетін болуы керек. Демек насихатшының теориялық білімі оның методикалық шеберлігімен, жанды іскерлігімен ұштасып жатуға тиіс.

Бүкіл еліміздегі сыяқты, біздің облысымызда да жүздеген насихатшылар жұмыс

сіз, формальды-бюрократтықпен құрылған, сөйтіп таратылып жіберілген үйірмелер мен мектептердің жетекшілерін де ескере отырып, насихатшылар кадрын неғұрлым дұрыс іріктей ады. Насихатшылық жұмыста бірсарындылық, жаттампаздық, дүмшелік кеңінен ығыстырылды. Насихатшылар өздерінің жұмысын өмірмен, шаруашылық міндеттермен тығыз байланыстыра бастады.

Қаладағы «Главмука» завод басқармасы жанындағы СОКП тарихын үйрену жөніндегі үйірменің насихатшысы Ломакин жолдастың тәжірибесі өнеге аларлықтай. Ломакин жолдастың ортадан жоғары білімі бір, ол 1939 жылдан бері насихатшы болып істеп келеді. Алайда өзінің білімі мен бай тәжірибесіне қарамастан ол өздігінен көп жұмыс істейді, марксизм-ленинизмді жүйелі түрде үйреніп, өзінің методикалық шеберлігін әрдайым арттырып отырады. Насихатшының тыңғылықты жұмысының жемісі сол—оқу жылының аяқталар кезінде болған қорытынды сабақтарда үйірме тыңдаушыларының бәрі де марксизм-ленинизмді үйрену үстінде өздерінің терең білім алғандықтарын байқатты.

Мұндай насихатшылардың қатарына Булаев аудандық денсаулық сақтау бөліміндегі партия тарихын үйрену жөніндегі үйірменің насихатшысы Разумцев жолдасты, Кольцов ауданынан Бессонов жолдасты («Красная крепость» колхозы) және тағы басқаларды қосуға болады.

Насихатшы—партия оқуындағы басты тұлға. Сондықтан партия ұйымдары насихатшылар кадрын тәрбиелеп, өсіріп отыруға әрдайым назар аударулары керек. Кейбір партия комитеттері насихатшылармен жүргізілетін бар жұмысты оларды іріктеп алумен ғана тындырады. Мұндай теріс практикадан үзілді-кесілді арылу қажет. Партия насихатшыларының теориялық және методикалық даярлықтарын онан әрі тереңдетпейінше насихат жұмысының сапасын жақсартуға болмайды.

Бұл жөнінде насихатшылардың семинарлары, кеңестері елеулі роль атқарады. Семинарларда басып партия, совет қызметкерлері насихатшыларды шаруашылық

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. БУЛГАНИННІҢ және Индияның Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің Бірлескен мәлімдемесіне қол қойылуы

22 июнде, Кремльдің Үлкен Сарайында шын пейілді және достық жағдайында ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің және Индияның Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің Бірлескен мәлімдемесіне қол қойылды.

20 сағат 15 минут. ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин мен Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Неру Бірлескен мәлімдемеге қол қою үшін осы мәлімдеменің орыс және ағылшын тілдеріндегі тексттері жатқан столдың қасына келді.

Бірлескен мәлімдемеге Н. А. Булганин мен Джавахарлал Неру қол қойды. ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин және Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Неру бір-бірінің қолдарын алысты.

Бірлескен мәлімдемеге қол қоюда болғандар ССРО Үкметі мен Индия Үкметінің халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісіне, халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту ісіне қосқан жаңа, маңызды үлесін көрсететін Бірлескен мәлімдемеге қол қойылуын қолшалақтап мақұлдады.

Бірлескен мәлімдемеді қол қоюда совет жағынан Л. М. Баганович, Г. М. Ма-

ленков, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, М. Г. Первухин, Н. С. Хрущев, П. П. Поспелов, М. А. Сулов, ССРО Қорғаныс Министрі Г. К. Жуков, Совет Одағының Маршалы В. Д. Соколовский, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші орынбасарлары А. А. Громыко, В. В. Кузнецов, «Правда» газетінің бас редакторы Д. Т. Шепилов, ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Протокол бөлімінің меңгерушісі Ф. Ф. Молочков, ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Баспасөз бөлімінің меңгерушісі Л. Ф. Ильичев, совет және шетел баспасөзінің өкілдері болды.

Индия жағынан Бірлескен мәлімдемеге қол қоюда Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі К. П. Ш. Менон, Индия Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің бас секретары Н. Р. Пиллаи, Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі Европалық бөлімінің меңгерушісі А. Хуссейн, Индия Республикасының ССРО-дағы Елшілігінің дипломатиялық құрамы, Дж. Нерудің қызы—Индира Ганди, ССРО-да жүрген Индия журналистерінің делегациясы (СОГА).

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. БУЛГАНИННІҢ және Индияның Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің Бірлескен мәлімдемесі

ССРО Үкметінің шақыруы бойынша Индияның Премьер-Министрі Шри Джавахарлал Неру Совет Одағында болды. Москвада болған кезінде ол ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганинмен және Совет Үкметінің басқа мүшелерімен бірнеше рет әңгімелесті. Бұл әңгімелер достық және шын пейілді жағдайда өтті, екі ел үшін ортақ маңызы бар мәселелердің, сонымен қатар кәзіргі халықаралық жағдайдан туатын халықаралық сыйпаттағы ірі проблемалардың кең көлемін қамтыды.

Совет Одағы мен Индия арасындағы қатынастар достықтың және өзара түсінісудің берік негізінде бақыттылықпен құрылып отыр. Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр бұл қатынастарда төмендегі принциптерді онан әрі басшылыққа алып отыру қажет деп сенеді:

- (1) Бір-бірінің территориясының тұтастығы мен суверенитетін өзара құрметтеу;
- (2) Тиіспеу;
- (3) Экономикалық, саяси немесе идеологиялық сыйпатты нендей бір сылтаулармен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау;
- (4) Теңдік пен өзара тиімділік, және
- (5) Бейбіт қатар өмір сүру.

Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр соңғы уақытта барған сайын көбірек танылып отырған бұл принциптерді анағұрлым кең көлемде қолдануға болады, ал үрейлену мен сенбеушілікті халықтардың санасынан шығаруды, сөйтіп, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуді күткен басты үміт мемлекеттердің өзара қатынастарында осы принциптерді сақтауында болып отыр деп сенеді. Бұл принциптерді сақтау бейбітшілік сферасын ұлғайтады, халықтар арасында өзара

өзінің заңды орнын беруді қажет деп санайды; осының нәтижесінде БҰҰ-ның ролі мен беделі нығайтылған болар еді. Олар сонымен қатар Уставтың мүшелік туралы ережелеріне сай келетін барлық мемлекеттердің Біріккен Ұлттар Ұйымына алынуы да маңызды болар еді деп санайды.

Өзінің өкілі Женева кеңесінің екі председателінің бірі болып табылатын Совет Одағы және өзінің өкілдері Индо-Қытайдағы барлық үш халықаралық комиссияның председателдері болып табылатын Индия Женева келісімдерін жүзеге асырумен байланысты өздеріне ерекше жауапкершілік алды. Бұл келісімдер халықаралық жанжалдарды шешу үшін келіссөздер жүргізу әдісін пайдаланудың аса көрнекті өнегесі болып табылады; сондықтан осы келісімдерді практикалық іске асыруға қол жеткен табыстардың дәрежесі де—халықаралық алауыздықтарды шешудің құралы болып табылатын келіссөздер жүргізу әдісінің құндылығына өлшем деп қаралуға тиіс. Сондықтан, Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр Индо-Қытайдағы жағдайды айырықша қарап шықты. Жеке жағдайларда елеулі сыйпатты болған қиыншылықтарға қарамастан, келісімдердің жүзеге асырылуы тұтас алғанда осы уақытқа дейін қанағаттанарлық болып келді.

Келісімдерді онан әрі орындауға кәзіргі уақытта жаңа және күтпеген оқыйғалармен байланысты кейбір бұзушылық қатері төніп отыр. Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министрдің осы келісімдердің шарттарын орындау өздеріне байланысты барлық үкметтерді өздерінің міндеттемелерін орындау үшін мүмкін болған шараның бәрін істеуге, сөйтіп, келісімдердің мақсаттарына толығымен қол жететіндей етуге шақырылса келеді. Атап айтқанда, олар саяси жағдайды реттеудің алғы шарты ретінде сайлау өткізу қажет болатын жерлерде, мүдделі үкметтердің күш-жігерін келіссөздердің шарттарын толығымен жүзеге асы-

дері мол, методикалық қабілеттері бар насихатшылардың саны жылдан-жылға артып келеді. Олар марксизм-ленинизмді тынбастан насихаттауымен, еңбекшілерге коммунистік рухта тәрбие беру жұмыстарын тыңғылықты жүргізумен жергілікті партия ұйымдарының сенімді көмекшілері болып табылып отыр.

Партиялық насихаттың негізгі бір саласы партия оқуы болып табылады. Насихат жұмысының бұл саласына Коммунистік партия үнемі зор маңыз беріп келеді. Өйткені коммунистің марксизм-ленинизмді терең меңгеруі, саяси білім дәрежесінің жоғары болуы Коммунистік партияның еңбекшілер бұқарасына жетекшілік ролінің міндетінен келіп шығады.

Коммунистер оқуының табысты болуы ең алдымен партия оқуы жүйесіндегі насихатшыларға, насихатшы-лекторларға, насихатшы-консультанттарға байланысты болады. Партия оқуы жүйесінде өткен оқу жылында үйірмелер мен мектептердің насихатшыларының, марксизм-ленинизм теориясы өздігінен үйренуге тілек білдірген коммунистер үшін көмек ретіндегі лекциялар оқытын насихатшы-лекторлардың саны құрамдарының едәуір жақсарғаны байқалды. Мұның мәнісі—партия комитеттері өткен жылы партия оқуын СОКП Орталық Комитетінің талаптарына сәйкес ұйымдастыруға байланысты өмірге бейім-

міндеттермен әрдайым таныстырып отырулары керек. Өйткені бұл насихатшылық жұмыстың өмірмен өзектесіп жатуына қолайлы мүмкіндік туғызады. Олай болса, партиялық насихат, марксизм-ленинизмді ілімді насихаттау жалаң теорияшылықтан аулақтап, творчестволық сыйпат алатын болады. Алайда бұл мәселеге кейбір аудандарда мүлде көңіл бөлінбейді. Мәселен, Совет ауданында өткен оқу жылының ішінде насихатшылардың небары екі-ақ семинары өткізілді. Ал онда басшы қызметкерлердің бірде-бірі насихатшылар алдында не лекция оқып, не баяндама жасаған жоқ.

Таяуда облыстық партия комитеті жанында насихатшылардың бір айлық курстары өзінің жұмысын бастайды. Бұл курстар насихатшылардың теориялық және методикалық даярықтарын онан әрі молықтыра түсуге арналғалы отыр. Жергілікті партия ұйымдарының борышы—курстарға насихатшылардың белгілі бөлігін қатыстыруды қамтамасыз етуде болып отыр.

Партия ұйымдары насихатшылармен жұмыс істеуді осы бастан қолға алып, келесі оқу жылында партиялық насихаттың идеялық жоғары дәрежеде жүргізілуінің қамын ойлауы керек. Мұны еңбекшілер бұқарасы арасында марксизм-ленинизмді насихаттау мүдделері талап етеді.

сенім орнатуға атсалысады және неғұрлым тығыз халықаралық ынтымақ үшін жол ашады. Осылай тудырылған бейбітшілік жағдайында келіссөздер жүргізу жөнінде татуластыру әдістерімен халықаралық проблемалардың бейбіт шешімін іздестіру мүмкін болады.

Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр дүние жүзінің әртүрлі бөліктерінде шағын және әлсіз мемлекеттер ірі державалардың алдында елесті және мүмкін, негізсіз үрейленуді бағыннан кешіріп отыр деп таныды. Олар мүмкін болған барлық құралдармен бұл үрейді басу қажет деп санайды. Міне бұл ретте де ең жақсы құрал өмір сүрудің жоғарыда баяндалған принциптері бұлжытпай ұстауда болып отыр.

Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр Азия мен Африка елдерінің осы жылғы апрельде Бандунгте болған конференциясының нәтижелерін құттықтайды. Бұл конференция, тегінде бірінші конференция болып, оның тарихи маңызы болды, онда саяси және әлеуметтік системалары әртүрлі екі континенттің тәуелсіз мемлекеттері кездесіп, олар неғұрлым толық экономикалық мәдени және саяси ынтымаққа жету жолдары мен құралдарын белгілеуді өздерінің алдына ортақ мақсат етіп қойды. Конференцияның нәтижелеріне көңіл бөлуге әбден болады және оның қатысушы елдер үшін емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісі үшін де зор маңызы бар.

Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр, атап айтқанда, конференцияның халықаралық бейбітшілік пен ынтымақты нығайту туралы Декларация қабылдағаны, бұл Декларацияда бейбіт қатар өмір сүру конференциясының баяндалғаны жөнінде өздерінің қанағаттанатынын білдіргісі келеді.

Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр жалпы халықаралық жағдайдың жақсара бастаған белгілері бар деп табады. Атап айтқанда, олар Қызыр Шығыста шиеленістің бәсеңдетілгенін, Австрияға тәуелсіздік берілгенін, Совет Одағы мен Югославия арасында қатынастардың жақсартылғанын, атомдық ғасырда соғыстың хауіпті екенін барша жұрттың барған сайын айқын түсініп, мұның өзі барлық жерде де көріне бастағанын құттықтайды. Солай бола тұрса да, орасан үлкен аудандарда үрейлену мен күдіктену жеке адамдардың және тұтас халықтардың санасында басымдық болып, мұның өзі халықаралық қатынастарды күнтірткендіріп отыр. Қызыр Шығыста шиеленіс бәсеңдетіле тұрса да, дегенмен оның себептері әлі де сақталып келеді.

Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр Қытай Халық Республикасының Тайвань жөніндегі заңды праволарын бейбіт құралдармен қанағаттандыру мүмкін болады деп, шын ниетімен үміттенеді. Сонымен бірге Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр Қытай Халық Республикасын Біріккен Ұлттарға енгізуден үздіксіз, қайта-қайта бастарту Қызыр Шығыстағы және басқа аудандардағы көптеген шиеленістерге негіз болып отыр деп өздерінің сенетінін тағы да қуаттайды. Олар Қытай Халық Республикасына Біріккен Ұлттар Ұйымындағы

руға бағыттайтын болуға ерекше қажырлылықпен шақырады.

Халықтарды қатты ойландыратын халықаралық проблемалардың ішінде соғыс және бейбітшілік мәселесіндегі ең шұғыл немесе елеулі зардаптарға ұшыратуы ықтимал проблема—қарусыздандыру проблемасы болып табылады. Дағдылы типтегі қару-жарақты, сондай-ақ атом қаруын арттыру пайығымы халықтар арасында болып отырған хауіптену мен күдіктенуді күшейте түсеті және ұлттық ресурстарды өзінің табиғи мақсатынан, атап айтқанда, халықтың өл-ауқатын көгеру мақсатынан басқа жаққа аударып өкетті. Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министрдің пікірінше, ядролық және термоядролық қаруды өндіруге, сынауға және пайдалануға толық тыйым салуды енгізу жолына ешнәрсе де бөгет болмауға тиіс. Сонымен бірге олар дағдылы типтегі қару-жарақ бір мезгілде және едәуір азайтылуға тиіс, мұндай қарусыздандыруды және тыйым салуды жүзеге асыру үшін халықаралық пәрменді бақылау қойылып, қосталып отырылуға тиіс деп санайды. Осыған байланысты қарусыздандыру мәселелері жөніндегі соңғы совет ұсыныстары бейбітшілік ісіне қосылған елеулі үлес деп қарсы алынды.

Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр, осы мәлімдемеді жарияланған бес принципке сүйеніп отырып, өздерінің екі мемлекеті арасында мәдени, экономикалық және техникалық ынтымақты дамыту жұмысына кең мүмкіндіктер тудырылады деп санайды. Әрбір елдің өзінің көмеңгерлігінен, дәстүрлерінен және айналасындағы жағдайдан туатын системаны ұстауы мұндай ынтымаққа кедергі болмауға тиіс. Шынында да, Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр көміл сеніп отырған шын мәнісіндегі қатар өмір сүрудің негізі әлеуметтік құрылымы әртүрлі мемлекеттердің бейбітшілікте және ынтымақта бір-бірімен қатар өмір сүріп, ортақ игілік үшін жұмыс істей алатынында болып отыр.

Екі елдің арасында мәдени және экономикалық салалардағы ынтымақты едәуір дамытуға кәзірдің өзінде-ақ қол жетті, бұған бұдан біраз уақыт бұрын жасалған сауда келісімі себепкер болды. Индияда Совет Үкметінің көмегімен металлургия заводын салу туралы жуырда жасалған келісім осындай ынтымақтың айырықша өнегесі болып табылады. Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр, мұндай ынтымақтың өзара тиімді екенін ескере отырып, өздерінің екі елі арасында экономика және мәдениет саласында да, ғылыми және техникалық зерттеулер саласында да қатынастарды өркендетіп, нығайта беруге ұмтылатын болады.

Министрлер Советінің Председателі мен Премьер-Министр өздері үшін орта маңызы бар мәселелер жөнінде өздерінің көзбе-көз талқылап, пікірлер алысуы мүмкіндік туып отырғанына қанағаттанатынын білдіреді және өздерінің келіссөздерінің нәтижелерімен орнатылған достық байланыс өздерінің екі елі мен халықтарының арасында қатынастарды онан әрі нығайтып, өркендету ісіне көмектесе сөйтіп, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік мүдделеріне қызмет етеді деп сенеді.

Н. БУЛГАНИН
ССРО Министрлер
Советінің Председателі

ДЖАВАХАРЛАЛ НЕРУ
Индияның
Премьер-Министрі

22 июнь, 1955 жыл. Москва қаласы.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. БУЛГАНИННІҢ Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерумен әңгімелесу

21 июньде, Кремльде ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерумен әңгімелесті.

Әңгімеге Л. М. Каганович, А. И. Микоян және Н. С. Хрущев қатысты.

Әңгімеге Дж. Нерудің қасына еріп жүрген адамдар: Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрлігінің бас секретары Н. Р. Пиллаи, Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрлігінің Европалық бөлімінің меңгерушісі А. Хуссейн, Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиялы Елшісі К. П. Ш. Менон және Индия Республикасының ССРО-дағы Елшілігінің бірінші секретары П. Н. Кауль қатысты.

Совет жағынан әңгімеге ССРО Сыртқы Істер Министрінің бірінші орынбасарлары А. А. Громько мен В. В. Кузнецов және ССРО-ның Индия Республикасындағы елшісі М. А. Меньшиков қатысты.

Әңгіме шын пейілді достық жағдайда өтті.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин 22 июньде Кремльде Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Неруді қабылдап, Кабылдау кезінде әңгіме болып, оған Л. М. Каганович, А. И. Микоян және Н. Хрущев қатысты.

Әңгімеде Дж. Нерудің қасына ерген адамдар: Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрлігінің бас секретары Н. Р. Пиллаи, Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі Европалық бөлімінің меңгерушісі А. Хуссейн, Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиялы Елшісі К. П. Ш. Менон және Индия Республикасының ССРО-дағы Елшілігінің бірінші секретары П. Н. Кауль болды.

Совет жағынан әңгімеде: ССРО Сыртқы Істер Министрінің бірінші орынбасарлары А. А. Громько мен В. В. Кузнецов болды.

Әңгіме шын пейілді және достық жағдайда өтті.

(СТА)

Джавахарлал Нерудің Москваға қайтып оралуы

Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Неру және қасына қосылған адамдар 10 күн бойы елді аралаған сапардан кейін 21 июньде таңертең Москваға қайтып оралды.

Ленинград вокзалында Джавахарлал Неруді ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші орынбасары А. А. Громько, Москва Советі атқару комитетінің председателі М. А. Яснов, ССРО Сыртқы Істер министрлігінің Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бөлімі меңгерушісінің орынбасары М. А. Максимов, Москва қаласын көмен-қалтының орынбасары полковник А. Т.

Терещенко, совет баспасөзінің өкілдері қарсы алды.

Джавахарлал Неруді сонымен қатар Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиялы Елшісі К. П. Ш. Менон және елшіліктің қызметкерлері де қарсы алды.

Вокзал Индия Республикасы мен ССРО-ның мемлекеттік жалауларымен безендірілді.

Сонымен бірге СОТА-ның шақыруы бойынша ССРО-да қонақ болып жүрген бір топ Индия журналистері де Москваға қайтып оралды. (СОТА).

Облыс аудандарында мемлекетке сүт, ет, жүн тапсырудың және сатудың 1955 жылғы бірінші жартыжылдық жоспарының орындалуы туралы

20 ИЮНЬДЕГІ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценти)

Аудандар	сүт	ет	жүн	Аудандар	сүт	ет	жүн
Кониюхов	92,6	72,1	78,0	Преснов	60,3	52,9	37,1
Соколов	87,5	91,7	80,6	Совет	58,3	34,1	50,9
Полудень	87,2	92,1	100,3	Приешим	57,0	93,2	59,0
Петропавл	86,9	64,2	80,5	Ленин	54,2	56,0	74,8
Мамлют	69,3	61,2	66,6	Октябрь	42,5	107,3	68,4
Булаев	67,6	38,2	54,3				

Совет Одағы мен Индия арасындағы достыққа арналған МИТИНГ

Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің Совет Одағында болуы совет халқының Индия халықтарына білдіріп отырған достық сезімдерінің жүрек тебренететін жарқын демонстрациясына айналды. Совет адамдары бұл сезімдерін Джавахарлал Неруге барлық жерде де, оның Совет Одағын аралаған кезінде, ол совет елі халқының барлық топтарының саналуан өкілдерімен кездескен кезде жалынды жүрегімен және шын пейілімен білдірді.

Совет Одағы мен Индия арасындағы достыққа арналған митинг совет халқының индия халқын терең құрметтейтіндігін және оған шын жүрегімен қарайтындығының жаңа, жарқын айғағы болды. Бұл митинг 21 июньдің көшінде «Динамоның» орталық стадионында өткізілді. 80 мыңнан аса адам — Москва кәсіпорындары мен мекемелерінің жұмысшылары мен қызметшілері, социалистік егін даласының еңбекшілері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғылым мен мәдениет қайраткерлері, Совет Армиясының өкілдері стадионның трибуналарына лық толды.

Митингте: Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочилі Елшісі К. П. Ш. Менон, Индия Елшілігінің дипломатиялық құрамы, Елшіліктер мен Миссиялардың басшылары мен қызметкерлері, ССРО-да қонақ болып жүрген индия журналистерінің делегациясы, совет және шетел тілшілері болды.

Москва Советі атқару комитетінің председатели М. А. ЯСНОВТЫҢ сөзі

Аса құрметті Премьер-Министр мырза, қымбатты жолдастар және достар!

Бүгін Москваның еңбекшілері талантты және еңбек сүйгіш индия халқына өздерінің ең жалынды достық және құрметтеу сезімдерін білдіру үшін осында жыйналып отыр. Біздің бейбітшілік өкілі ұлы халқымызды жер бетінде бейбітшілікке қамтамасыз етуге шын ниетпен ұмтылған ортақ мүдде, бейбітшілік пен достықта өмір сүру тілегі жақындастырып отыр.

Индия халқының және оның үкметінің соғысты тілемейтінін біз жақсы білеміз.

Москваның еңбекшілері, бүкіл совет халқы сыяқты, индия халқының бақытты болып, шоркейе беруіне, бейбітшілік жолындағы ізгі ниетті және әділетті күресте жаңа табыстарға жете беруіне шын пейілді тілектестігін білдіреді. Біз, москвалықтар, индия халқына деген зор сүйіспеншілігімізді және Совет Одағы

Өткен аптаның соңғы күндері астанада жауын-шашынды және салқын болған еді. Ал 21 июньде таңертеңнен бастап қала күн шуағына бөленді. Күннің нұрлы сәулесі Совет Одағы мен Индия Республикасының мемлекеттік жалауларымен, «Совет Одағы мен Индия арасындағы достық жасасын!» деп орыс және хинди тілдерінде құттықтау сөздер жазылған алқызыл маталармен безендірілген стадионның орасан үлкен, мейлінше лық толған алаңын жарқыратып жіберді.

Орталық ложаға Джавахарлал Неру, Н. А. Булганин, К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев, П. Н. Поспелов, М. А. Суслов келді. Трибуналарда аса күшті қолшапалақталды. Барлығы да орындарынан тұрды, совет және индия халықтары достығының құрметіне айтылған ұрандар, индия халықтарын құттықтаған сәлемдер мен ізгі ниетті тілектестік сөздері естілді. Бұл құттықтау сөздері трибуналардан және спортшылар қатарынан жазбай сап түзеіп тұрған стадионның көгал алаңынан естілуде. Пионерлер Джавахарлал Неруге, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшыларына гүл шоқтарын сыйлады.

Митингті Москва Советі атқару комитетінің председатели М. А. Яснов ашты.

мектепке барса да москвалықтар оны барлық жерде де жылы шыраймен және қуанышпен қарсы алды.

Жолдастар! Отанымыздың астанасы — Москваның еңбекшілері атынан біздің митингімізге қатысып отырған аса көрнекті мемлекет қайраткері, Индия Үкметінің Басшысы Джавахарлал Неруді тағы да шын жүректен құттықтауыма рұқсат етіңіздер. **(Ду, ұзақ қолшапалақтау).**

Біз Джавахарлал Нерудің Совет Одағына келген сапары біздің елдеріміз арасында достық пен ынтымақты оған әрі нығайтуға, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге көмектеседі деп сенеміз.

Бейбітшілік индия халқы жасасын! Совет Одағы мен Индия арасындағы достық жасасын және нығая берсін! **(непне дейін басылмаған ду қолшапалақтау, «Ура» айтқан дауыстар).**

Совет Одағы мен Индия арасындағы

алмаймыз, бірақ мұндай үйреніп-білу сырттан таңбатын болса ол жемісті бола алмайды.

Біз демократияға, теңдікке, айрықша артықшылықтардың жойылатынына сенеміз, сондықтан да біз өз елімізде бейбіт жолмен социалистік сыйпаттағы қоғам орнатуды алдымызға міндет етіп қойып отырмыз **(ду қолшапалақтау).** Социалистік сыйпаттағы бұл қоғамның немесе демократияның формасы қандай болса да, ол білімге еркін жол ашуға, барлық жұртқа тең мүмкіндіктер беруге тиіс.

Әрбір елдің өз тағдырын өзі белгілейтін правосын тануға сүйеніп отырып, Индия Үкметі мен Қытайдың Халықтық Үкметі бір-бірімен қатынастарында бес принципті басшылыққа аламыз деп келісті. Бұл принциптер: территорияның тұтастығы мен суверенитетті өзара құрметтеу, бір-біріне тиіспеу, ішкі істерге өзара араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру болып табылады. Кейіннен бұл принциптерді Бирма мен Югославия қабылдады және бұл принциптерді Совет Үкметі де мақұлдады **(ду қолшапалақтау).** Бандунг конференциясында бұл принциптер 10 принципке ұлғайтылып, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік және ынтымақ туралы Декларацияда бейнеленді. Сонымен, бұл принциптерді 30-дан аса ел қабылдады. Егер халықаралық өзара қатынастардың бұл принциптерін дүние жүзінің барлық елдері қабылдап, оларды басшылыққа алатын болса, бұл принциптердің дүние жүзін қамтып отырған үрей мен хауіптерді тоқтатуға едәуір дәрежеде көмектесе алатынына мен күмәнданбаймын.

Ғылымның және ол тудырған техниканың прогресі біздің өмір сүріп отырған дүниемізді өзгертті, сондықтан да ғылымдағы соңғы жетістіктер адамдардың өздері жайындағы және дүние жайындағы ұғымдарын өзгертін отыр. Тіпті уақыт пен кеңістік жайындағы концепциялар да өзгеріп, біздер үшін табиғаттың сырларын зерттеуге және өз білімдерімізді адамзаттың игілігіне қолдануға орасан зор мүмкіндіктер ашылып отыр. Ғылым мен техника адамзатты өзіне түскен ауыртпалықтың едәуір бөлегінен азат етті және біздің алдымызда жаңа перспективалар ашып, бізге ұлы күш беріп отыр. Егер біздің қойымыздарымызға данышпандық басшылық ететін болса, бұл күшті жаппай игілік үшін пайдалануға болады, ал егер дүние ақылынан адасып немесе ақылға қаспайтын болса, онда біздің ұлы жаңалықтар мен сал-

нызы міндетті шешуде басқа елдермен ынтымақтасамыз.

Менің Совет Одағы Үкметінің соңғы уақытта қолданған, халықаралық шиеленісті бәсеңдеткен және бейбітшілік ісіне үлес болып қосылған бірқатар шараларымен байланысты оны құттықтағым келеді **(ду қолшапалақтау).** Мен, атап айтқанда, Совет Одағының қарусыздандыру жөніндегі соңғы ұсыныстарының осы күрделі проблеманы шешу жолында прогреске жеткізетініне сенемін. Егер үрейді жойып, бейбітшілікті қамтамасыз еткісі келетін болса, онда қарусыздандыру қажет.

Біз өз елдерімізде шаруашылық пен мәдениетті өркендету ісін жоспарлап отырмыз. Ендеше жаппай игілік және соғысты жою мүдделері үшін әртүрлі елдердің бейбіт ынтымағын да жоспарлайтын боламыз.

Елдер көп жағдайда қайсы бір елден немесе елдер тобынан қорқу салдарынан шарттар мен одақтар жасасып жүр. Біздің жақындасуымыз біздің басқаларға ұнамайтындығымызбен және оларға нұқсан келтіруге тырысып отырғандығымызбен емес, қайта біздің бір-бірімізге ұнайтындығымызбен және ынтымақтасқымыз келіп отырғандығымызбен белгіленетін болсын **(қолшапалақтау).**

Көзір, мен сіздердің алдыңызда сөйлеп тұрған кезде, Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің құрылғанына 10 жыл болғанын атап өту үшін Сан-Францискода арнаулы сессия өткізуде. Біріккен Ұлттар Ұйымы ізгі ниеттерді көздейтін Уставқа негізделген. Мұның өзі бейбіт ынтымақтасу мақсатын қойып отыр. Дүние жүзі халықтарының осы халықаралық ұйымға артқан үміттері толығымен ақталған жоқ және Уставтың идеалдарын жүзеге асыру жолына кесе-көлденең тұрған көп істер болды. Мен Біріккен Ұлттар Ұйымының өмір сүруіне енді басталатын жаңа 10 жылдығында бұл үміттер ақталды деп, шын ниетпен үміт етемін **(ұзақ қолшапалақтау).** Бірақ Біріккен Ұлттар Ұйымына кейбір мемлекеттер енгізілмейтін болса, онда ол дүние жүзіндегі барлық халықтардың өкілі бола алмайды, әсіресе Біріккен Ұлттар Ұйымының ұлы Қытай Халық Республикасын танымауы қолайсыз құбылыс екендігін ғана емес,

ССРО Министрлер Советінің Председатели Н. А. БУЛГАНИННИҢ сөзі

Жолдастар!

Құрметті Премьер-Министр! Достар!

Совет Үкметінің атынан, осында жыйналған Москва еңбекшілерінің өкілдері мен бүкіл совет халқының атынан, сонымен қатар өз атымынан біздің құрметті қонағымыз, Индия Республикасының Премьер-Министрі Неру мырзаның біздің Отанымыз туралы айтқан жылы шырайлы және достық сөздері үшін оған алғыс айтамын. Бізге, совет адамдарына, бұл сөздерді Неру мырзадан есту сүйсінерлік е, өйткені оның Индия халқының ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресінің аса көрнекті басшыларының бірі екендігі, бейбітшілік ісі жолындағы ержүрек күрескер екендігі бізге мәлім **(ду қолшапалақтау).**

Совет адамдары Неру мырзаны өз жерінде ерекше жылы шыраймен, қуанышпен және шын достық сезімдерімен қарсы алды, оны ұлы Индия халқының өкілі және өшпесі деп білді.

Біздің еліміз бен Индия арасында ерте замандардан бері достық қатынастар жалғасып келеді. Өзінің көпғасырлардан бергі тарихында мәдениеттің мәңгі жасайтын ескерткіштерін орнатқан Индияның көп ұлтты, төрт жүз миллионды халқының еңбек сүйгіштігі мен таланттылығы, оның бостандық пен ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған бұлжымас талабы, оның мығымас бейбітшілігі біздің елдің халықтарының қадірменді құрметі мен жалынды сүйіспеншілігіне әбден бөленіп отыр **(қолшапалақтау).**

Совет адамдары ұлы Индия халқының өз елінде социалистік үлгімен қоғам орнатуға жұмсап отырған күш-жігерін зор ықпалмен және тілектестікпен қадағалап, оның экономиканы өрге бастыру және ұлттық индустрияны өркендету ісінде жеткен табыстарын құттықтап отыр.

Совет — Индия қатынастары берік және сенімді базата негізделген. Бұл қатынастар территорияның тұтастығы мен суверенитетті өзара құрметтеу, бір-біріне тиіспеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру принциптеріне негізделген.

Бейбітшілік сыртқы саясаттың бұл принциптерін Индия мен Қытай Халық Республикасы жариялады. Кейіннен бұл принциптерге Бирма мен Югославия келіп қосылды, ал содан кейін осында Неру мырзаның бұл жайында айтқанындай

қытта Индияның бейбітшілік ісіне қосқан ірі үлесін де жоғары бағалайды.

Совет Одағымен және Қытай Халық Республикасымен бірге Индияның белсенде қатысуы арқасында Кореяда уақытша бітім орнатылып, Индо-Қытайда соғыс қойымыздары үзілді-кесілді тоқтатылды.

Индия Азия мен Африка халықтарының өз праволары мен тәуелсіздігі жолындағы күресі ісіне, жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту ісіне маңызды үлес болып қосылған Азия мен Африка елдерінің Бандунгтегі конференциясын шақырушы инициаторлардың бірі болды.

Индия, Совет Одағы сыяқты, қару-жарақ пен қарулы күштерді азайтуды, атом және сутегі қаруына тыйым салуды жақтап шығуда. Біз қару-жарақты азайтудың, атом және сутегі қаруына тыйым салудың Совет Үкметі ұсынған көлемді және түбірлі программасын жүзеге асыруда Неру мырза мен Индия Үкметі сыяқты одақтасуымыз және досымыз болады деп үміттенеміз **(ду қолшапалақтау).**

Индия мен Совет Одағы қытай халқының ұлттық мүдделерін ескере отырып, Тайвань проблемасын ойлағандай шешу үшін бірлескен күш жұмсауда.

Индия мен Совет Одағының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы өзіннің заңды орнын беру жолындағы бірлескен күресі барлық бейбітшілік халықтардың айрықша сүйіспеншілігін тудырып отыр **(ду, ұзақ қолшапалақтау).**

Халықаралық шиеленісті жою үшін, халықтар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақ үшін белсенді күрес жүргізе отырып, Совет Одағы мен Индия Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставында баяндалған принциптерді ұдайы басшылыққа алып келеді.

Кеше Сан-Францискода Біріккен Ұлттар Ұйымының 10 жылдығына арналған мерекелі сессия ашылды. Дүние жүзінің барлық бөлектеріндегі адамдар мерекелі сессия бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған жаңа шаралардың бастамасы болады деп, зор үміттенген сеніммен күтуде.

Мен өз еліміздің атынан бүгін Біріккен Ұлттар Ұйымының 10 жылдығына арналған мерекелі сессияны құттықтаймын және дүние жүзі халықтарының бұл органы жалпыға бірдей бейбітшілік пен хауіпсіздіктің мүдделері үшін, БҰҰ Уставының идеалдарын жүзеге асыру жа-

арасында бұрынғыдан анағұрлым жақын және берік достық байланыстарын орнатуға ұмтылып отырған талабымызды білдіреміз.

Астананың тұрғын халқы Москваға келген Индияның Премьер-Министрі Джавахарлал Неруді шын жүреппен, қызу құттықтап қарсы алды. Ол қай жерге барса да — заводқа, метроға, театрга,

Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал НЕРУДІҢ сөзі

Құрметті Министрлер Советінің Председателі мырза, Москва Советінің Председателі мырза, қымбатты достар!

Мен сіздермен орыс тілінде, сіздердің ана тіліңізде сөйлесетін мүмкіндігім болмай отырғаны үшін кешірім сұраймын. Сондықтан сіздердің бұл сөздің аудармасын тыңдауларыңызға тура келеді.

Бұдан екі апта бұрын біз Совет Одағына келдік, енді көп ұзамай осы ұлы елден жүріп кетеміз. Бұл уақыттың ішінде біз 13 мың километрге жуық жол жүріп, көптеген белгілі қалаларда болдық және көптеген тамаша нәрселерді көрдік. Бірақ осылардың бәрінің ішіндегі ең тамаша сол, біз қай жерде болсақ та — бізді барлық жерде де қошеметпен қарсы алды, бізге барынша кең пейілді жадынды сезімдер көрсетілді. Біз осы сезімдер және шын жүректен қарсы алғандық үшін шексіз алғыс айтамыз, ал Совет Одағының халқына өзіміз алғысымызды толық айтып жеткізу үшін мен сөз таба алмай отырмын (ду қолшапалақтау). Солай бола тұрса да, менің, Премьер-Министр мырза, Сізге, Сіздің үметіңізге және Сіздің халқыңызға өзіңіздің сүйіспеншілігіңізді білдіргім келді және біздің осы терең сезімдер білгенімізді бізге осындай құрмет көркен Совет Одағының халқына жеткізіңізді мен Сізден сұраған болар едім (шапалақтау).

Бұл осында ұлы Совет Одағының халқына индия халқынан сәлемдер мен ізгі тілектестік сезімдерін тапсыру үшін келдік (узақ қолшапалақтау). Сіздер біздің елімізге және біздің халқымызға білдірген жылы шырайлы сөздеріңіз бен ізгі ниетті тілектестігіңіз жүреміз тербеген біздер елімізге қайтып барамыз (узақ қолшапалақтау).

Бұл осында дүниеден хабарсыз адамдар ретінде келген жоқпыз, біздің өзіміз Совет Одағында болған ұлы өзгерістер мен оқиғаларды зор ықласпен қадағалап

және арнайы Москва қаласы еңбекшілерінің митингісін ашылды деп жариялаймын. (ду қолшапалақтау).

Индия Республикасы мен Совет Одағының мемлекеттік гимндері салтанатпен естілді.

Сөз Джавахарлал Неруге берілді. Тағы да ду орация жасалып, қызу қолшапалақталды. Ол өзінің ана тілінде — хинди тілінде сөйледі.

Келген адамдармыз. Ұлы Ленин басшылық еткен Октябрь революциясымен бір мезгілде дерлік біз Индияда өзіміздің бостандық жолындағы күресіміздің жаңа кезеңін бастадық. Біздің халқымыз көптеген жылдар бойы осы күреспен шұғылданып, ауыр езушілікке ерлікпен және шыдамдылықпен төзіп келді. Біз Махатма Гандидің басшылығымен өз күресімізде басқа жолға түссек те, дегенмен біз Ленинге қатты сүйсіндік және оның өнегесі бізге ықпал жасады. (узақ қолшапалақтау). Біздің әдістеріміздегі осы айырмашылыққа қарамастан, біздің халқымыздың арасында Совет Одағының халқы жөнінде достыққа жатпайтын сезімдер ешуақытта да болған емес. Біз Сіздің елдегі кейбір оқиғаларды түсінбедік, сол сыяқты сіздерде, мүмкін, бізде істеліп жатқандардың көбін түсінбеген боларсыздар. Біз Совет Одағының жүргізіп жатқан ұлы және жаңа экспериментінде табысқа жетуін тіледік және мүмкіндігіміз болған жерде одан үйренуге ұмтылып келдік. Біздің елдерімізде жағдай түрліше болды: олардың географиясы, тарихы, дәстүрлері, мәдениеті және олардың дамып келген жағдайлары түрліше болды.

Біз бір елдің басқа елге үстемдігі жексұрындық болып табылады деп ойладық, сондықтан өз бостандығымыз үшін күресе отырып, біз шетелдік немесе авторитариялық басқарудан азап шеккен басқа елдердің өз бостандығына жетуге ұмтылған күш-жігеріне тілектестік білдіріп келдік. Әрбір елдің және әрбір халықтың жағдайы өздерінің өткендегі тарихымен және басынан өткізген сындармен байланысты, сондықтан әрбір елдің және халықтың кейбір ерекшеліктері болды. Олар шетелдік үстемдік жағдайында немесе өздеріне басқаның еркі сырттан таңылып отырған жағдайда өркендей алмайды. Олар тек өздеріне және өз күштеріне сенетін болып, өздерінің тұтастығын сақтағанда ғана өркендей алады. Біздің бәріміздің де басқалардан үйренуімізге тура келеді, сондықтан да біз оқшаулана

нақ кәзіргі кезімізде дүниенің өзін-өзі құртуы мүмкін.

Сондықтан егер біз өз цивилизациямыздың прогресіне немесе ең болмағанда оны сақтауға мүдделі болып отырсақ, бейбітшілік туралы мәселенің маңызы әлде қайда арта түседі. Бейбітшілік, біздің ұғуымызша, соғыстан жай ғана қалыс қалу емес, қайта ең алдымен елеулі шиеленісті бәсеңдетуге жеткізетін халықаралық қатынастарға белсенді және дұрыс көзқарас болып табылады. Бейбітшілік сонымен қатар біздің проблемаларымызды келіссөздер жүргізу жолымен шешуге, кейіннен әртүрлі жолдармен елдер арасындағы ынтымақты күшейтуге тырысқан әрекет болып табылады. Мәдени және ғылыми байланыстарды, сондай-ақ идеялар алысуды, тәжірибе мен информация алысуды күшейтуге болады. Біз өз санамыз бен рухымыздың өсуіне бәрет болып отырған кедергілер мен бөгеттердің бәрін, сонымен қатар халықаралық ынтымақ жолында тұрған басқа да кедергілерді жоюға әрекет жасауға тиіспіз. Егер саяси, әлеуметтік немесе экономикалық системалары әртүрлі елдер бір-бірінің істеріне араласпайтын болса және өз еркін таңбайтын немесе үстемдігін орнатуға тырыспайтын болса, онда олардың осындай жолмен ынтымақтасуына кедергі болатын ешқандай себептер жоқ.

Мен Совет Одағының қай жерінде болсам да, мен барлық жерде де бейбітшілікке ұмтылған жалынды талапты көрдім. Мен әрбір елде адамдардың орасан көпшілігінің бейбітшілікке құштар болып отырғанына, бірақ басқалардың алдында үрейлену көп жағдайда олардың енаасын күңгірттен, оларды басқана қыймыл жасауға мәжбүр етіп отырғанына сенемін. Біз нақ осы үрейді және өшпенділікті жоюға, сөйтіп, бейбітшілік жағдайын тудыруға әрекет жасауға тиіспіз. Соғыстан немесе соғыс қатерінен немесе соғыс қатерінің үнемі төнуінен бейбітшілік туа алмайды.

Біз Индияда өзімізді бейбітшілік ісіне арнап отырмыз, сондықтан біз өз күресімізде де бейбіт құралдарды пайдалануға ұмтылудамыз. Бейбітшілік біздің өз прогресіміз үшін де, сондай-ақ бізге ардақты істер үшін де қажет. Сондықтан біз мүмкін болған құралдардың бәрімен бейбітшілікке ұмтыламыз және осы ма-

мес, сонымен бірге бейбітшілік ісіне көмектесу және халықаралық проблемаларды шешу үшін қатер болып табылатындығын да көптен бері-ақ сезіп отырмыз (узақ қолшапалақтау).

Бүгінгі күнді ең маңызды өмірлік проблемалардың бірі Қызыр Шығыс проблемасы болып табылады, бірақ бұл проблеманы да Қытай Халық Республикасының ізгі ниетті еркіне және ынтымағын шешуге болмайды. Мен біздің енді көп ұзамай Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы өзінің заңды орнын алғанын көретінімізге сенемін (ду қолшапалақтау), сонымен бірге Қызыр Шығыс проблемасын шешу мақсатымен жасалып жатқан әрекеттердің барған сайын еселеніп артқан табысқа жететіндігіне сенемін.

Біз өмірге бейім, дамып отырған, жаңалықтар мен салтанаттарға қарай алға басып келе жатқан, адамның өз қарамағында барған сайын арта түскен күші болатын дүниеде өмір сүріп отырмыз.

Бұл күш бақылауға алынып, данышпандықпен және төзімділікпен басқарылатын болады, сөйтіп әрбір ел ортақ игілік үшін өз үлесін қосады, деп үміттенеміз.

Совет Одағының табыстары маған терең әсер етті. Мен осы орасан үлкен елдің халқының еңбек сүйгіштігі арқасында оның өз жағдайын жақсарту жолымен оны алға бастап отырған ұлы талаптың арқасында қол жеткен өзгерістерін көрдім. Мен музыка мен билерге, сонымен қатар өзім көрген, теңдесі жоқ балетке қызыға шаттандым. Осы ұлы елдің балалары мен жас ұрпағына мемлекет пен халықтың жасап отырған аса зор қамқорлығы маған ең зор әсер етті.

Премьер-Министр мырза, Сізге және Сіздің Үкметіңіз бен Сіздің халқыңызға олардың достығы, шын пейілді мейман-достығы үшін менің тағы да алғыс айтықым келеді. Индия халқы сіздердің тыныштықта өмір сүрулеріңізге тілектестігін білдіреді және біздің елдеріміздің игілігі үшін, бүкіл адамзаттың мүдделері үшін бірлескен қыймылдың көптеген салаларында сіздермен ынтымақтасуға ұмтылауда (ду қолшапалақтау).

Біздің халықтарымыз бен дүние жүзінің басқа елдері арасында достық пен ынтымақ адамзаттың игілігі үшін жасай берсін! (ду қолшапалақтау).

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің сөз сөйлеуі қызу орация жасалып қарсы алынды.

бұл принциптер Азия мен Африканың 29 елінің Бангунг конференциясында мақұлданып, халықаралық бейбітшілік пен ынтымақты нығайту туралы осы конференцияда қабылданған Декларацияға енгізілді. Совет Үкметі де бұл принциптерді мақұлдап отыр және бұл принциптер бейбітшілікті қолдау, нығайту ісінде барлық халықтардың ортақ платформасына айнала алар еді деп санайды (қолшапалақтау).

Совет — Индия қатынастары әлеуметтік-саяси системалары әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі және ынтымақтасуы мүмкін екендігі туралы ұлы Ленин жариялаған қариданың дұрыс екендігінің айқын айғағы болып табылады.

Совет Одағы мен Индияны әсіресе барлық халықтармен бейбітшілікке және достыққа ұмтылған мызғымас талап, халықаралық қатынастардағы шиеленісті жою жолындағы күрес жақындастырып отыр. Игілікті бейбіт еңбекпен шұғылданып жатқан біздің халықтарымыз соғысты тілемейді. Олардың әрқайсысы жана, неғұрлым жақсы тұрмысқа өз жолымен келе жатыр.

Халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз ету Совет Одағының сыртқы саясатының арқашан да басты мақсаты және жоғары принципі болып келді және бола береді. Соңғы уақытта Совет Үкметі халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге және мемлекеттер арасындағы қатынастарда болып отырған сенбеушілікті жоюға бағытталған бірқатар жаңа шаралар қолданды. Австрия мен Мемлекеттік Договор жасасу, Совет Үкметінің қару-жарақты азайту, атом қаруына тыйым салу және жаңа соғыс қатерін жою мәселелері жөніндегі ұсыныстары, ССРО мен Югославия арасында қатынастардың оңдалуы, ССРО мен Герман Федеральдық Республикасы арасында дипломатиялық және сауда қатынастарын орнату туралы ұсыныс, Совет-Жапон келіссөздері және басқалары осындай шаралар болып табылады. Совет Үкметі төрт державаның үкмет басшыларының кеңесіне қатысуға ризалық білдірді, бұл кеңес 18 июльде Женевада ашылуға тиіс. Соның өзінде, біз кеңестің мақсаты халықаралық шиеленісті бәсеңдету және мемлекеттер арасындағы қатынастарда сенімді нығайту болады деген пікірге сүйендік. Бұл мақсаттарға жету үшін біз барлық күшімізді жұмсаймыз және бұл кеңеске қатысушылардың басқалары да дәл осыған ұмтылатын болады деп үміттенеміз (ду, узақ қолшапалақтау).

Совет Одағының бейбітшілікті нығайту ісіне қосқан үлесі барлық бейбітшіл халықтар тарапынан, соның ішінде Индия халқының тарапынан да тілектестікпен қарсы алынып, қосталып отыр.

Совет халқы, өз тарапынан, соңғы уа-

қында оған өзі қақырамытықпен еңбек ете берсін деген Совет Одағының халықтары мен Совет Үкметінің жалынды тілектестігін білдіреміз. Біздің еліміз бен үкметіміз осы ізгі ниетті мақсаттарды жүзеге асыруға көмектесу үшін барлық күштерің жұмсайды (ду қолшапалақтау).

Совет Одағы мен Индия арасындағы ынтымақ халықаралық қатынастар саласымен ғана тыныш отырған жоқ.

Совет Одағы мен Индия арасындағы достық және ынтымақ туралы айтқанда, екі ел үшін өзара тиімді, біздің халықтарымызды онан өрі жақындастыруға атсалысатын экономикалық, сондай-ақ мәдени байланыстардың үнемі ұлғайып отырғаны да атап көрсетпеге болмайды.

Неру мырзаның Совет Одағында болуы совет халқымен жақын араласуы және Совет Одағының басшыларымен тікелей байланыс орнатуы біздің екі еліміз арасында достық пен ынтымақты онан өрі дамытып, нығайту ісіне қызмет ететіндігінде күмән жоқ. Мұның біздің арасымызда болған пікірлер алысудың өзара түсінісушілік болып отырғанын және халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін аса зор маңызы бар толып жатқан мәселелер жөнінде көзқарастардың бір жерден шығып отырғанын көрсетіп бергенін атап айтуға қуаныштымын (ду, узақ қолшапалақтау).

Совет халқының бейбітшілікті сақтауға және баянды етуге шын ниетімен ұмтылып отырғанын Неру мырзаның Совет Одағында болған кезінде өз көзімен йқын көруіне мүмкіндігі болды. Сонымен қатар біздің елдің халықтары Индияның халықтарына білдіріп отырған сүйіспеншілік пен достық сезімдерінің терең маңалы және шын ниетті екендігін Неру мырзаның өз көзімен көруіне де, күмән жоқ, мүмкіндігі болды (ду қолшапалақтау).

Совет халқының және ССРО Үкметінің атынан, Премьер-Министр мырза, Сізге, Индия Үкметіне, бүкіл Индия халқына біздің сәлемдерімізді және Индияны өркендетіп, көркейту жолында табыстарға жетуіне тілектестігімізді тапсырамыз (ду, узақ қолшапалақтау. «Ура!» айтқан дауыстар).

Совет Одағы мен Индия халықтарының достығы және ынтымағы жасасын!

Совет — Индия достығы екі елдің халықтарының игілігіне, жалпыға бірдей бейбітшілік пен хауіпсіздіктің игілігіне жасай, нығая берсін! (Барлығы да орындарынан тұрды. Ду, узақ қолшапалақтау. «Ура!» айтқан дауыстар).

М. А. Яснов Совет Одағы мен Индия арасындағы достыққа арналған митингті жабылды деп жариялады.

Егін жыйнау мен астық дайындауға үлгілі әзірленейік!

★ Комбайн жөндеу ұйымшылдықпен жүргізілуде ★

Біздің машина-трактор станция отандық жаңа техникамен жыл сайын қарулануда. Тек үстіміздегі жылы біз жаңадан 22 «ДТ—54», 4 «С—80» тракторларын, 7 ірі станок, көптеген басқа да ауылшаруашылық машиналар алдық. МТС орталығы орналасқан Покровка селосының халқы да шөбеде, соңғы екі жылда мұнда Кубаннан, Украинадан, Белоруссиядан, Татарстаннан, еліміздің басқа да аудандарынан көптеген жаңа қоныстанушылар келді.

МТС коллективі үстіміздегі жылы 41180 гектар ауылшаруашылық дақылдарын екті, оның 17600 гектары 1954 жылы игерілген тың жерлерге егілді. Көзір коллектив егін күту, жемішпен дайындаумен бірге егін жыйнауға әзірлікті қызу жүргізуде. 20 июньге дейін МТС-те 40 комбайн жөндеуден өткізілді.

Жөндеу жұмыстары негізінен тораптық әдіс бойынша жүргізіледі. Тораптар маман механизаторлармен толықтырылған. Жөндеу жұмысында жүрген жұмысшылардың көбі бірнеше мамандықты меңгергендер. Мәселен, слесарь В. Новолоков жолдас иоршень группасын, головкаларды жөндей алады, фрезер станогінде жұмыс істейді. Комбайншылар өздерінің негізгі мамандығына қосымша тракторшылық мамандықты, өздігінен жүретін шөп машинада машинист болып істеу мамандығын, ұсталық, слесарьлық мамандықтарды меңгерді.

Комбайндар мен егін жыйнайтын басқа машиналарды жұмысқа әзірлеу ісіне механиктер үлкен үлес қосуда. Механик Р. Матушек жолдас МТС құрылғаннан бері жұмыс істейді. Ол көзір мотор цехына басқарады. Матушек жолдас цехта еңбекті дұрыс ұйымдастырып, еңбек өнімділігін арттыра беруді қамтамасыз етті. Осының нәтижесінде моторларды жөндеу графигі едәуір артық орындалып келеді. Сондай-ақ И. Косыкин, М. Житенко, В. Смыслов жолдастар да өздері басқарған участка жұмыстың сапалы орындалуын шебер ұйымдастырып, осының негізінде тракторлардың, басқа машиналардың тех-

никалық жарамсыздықтан тоқтап қалуын мүлдем азайтты.

Көзір мастерскойда комбайндар 10 торапта жөнделеді. Жөндеушілердің социалдік жарысында мотор жөндеу цехы алда келеді. Мұнда жұмыс істейтін комбайншы Я. Пархоменко, А. Капелюх, Д. Кокорев жолдастар сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындайды. Цехтағы жөндеушілер тек комбайн моторларын ғана емес, сонымен бірге, тракторлар мен автомобильдердің де моторларын жөндейді. Жас комбайншы И. Коновалов жолдас жөндеуден өткізілген моторларды сынау және оған обкатка жасау жұмыстарын жақсы меңгерген.

Механизаторлардың рационализаторлық жаңалықтары механизмдерді жөндеу жұмысын арзандатуға жағдай туғызып келеді. Жағу аппаратура цехының шебері А. Горн жолдас көп жылдан бері жағу аппараттарын реттейді және сынайды. Соңғы уақытта Горн жолдас бұл жөнінде бірқатар жаңалықтар ұсынды. Бұл жаңалықтарды өндіріске енгізу арқылы МТС жөндеу жұмысынан жыл сайын 15—20 мың сом қаржы үнемдеп келеді.

Полудень МТС-і механизаторлары, ауыл шаруашылығының мамандары және МТС аймағындағы колхоздардың колхозшылары егін жыйнау мен астық дайындауға үлгілі әзірлікпен барып, бұл науқанды ойдарыдай өткізу жөнінде үндеу жариялап, өте орынды бастама көтерді. Біздің МТС механизаторлары полуденьдіктердің бұл бастамасын қуаттауда.

Егер біз қолда бар комбайндарды толық жөндеуден өткізіп, егін жыйнауға оларды сақдай сай етсек және егін орағы басталғанда әрбір агрегатпен күн сайын 20—23 гектар егін жыйнауды қамтамасыз етсек, онда МТС аймағындағы колхоздар егін жыйнау жұмысын 10—12 жұмыс күні ішінде аяқтайды. Біз осы мақсатқа жетуді көздеудеміз.

В. ШАНИН,

Ленин ауданы, Образцовая МТС-нің бас инженері.

Еңбектің өнімі де, сапасы да артуда

Преснов МТС-і аймағындағы колхоздар быйыл ауылшаруашылық дақылдарын өткен жылғыдан екі есе көп екті. Сондықтан быйыл егін жыйнау жұмысының көлемі бұрынғыдан едәуір артын отыр. Бұл

еін көрсетуде. Токарь Шевелев, Акет жолдастар істе брак жібермей, жөндеу материалдарын үнемдеумен бірге, тапсырмаларын үнемі толық және асыра орындауда. Слесарь Смирнов, ұста Кошкин, Кор-



Винница облысынан бір топ тракторшылар мен комбайншылар Коновалов МТС-іне жаңадан қоныстанып келген болатын. Олардың барлығы да жұмыстың түрлі участоктеріне бөлініп, жұмыс істеп жүр.

СУРЕТТЕ: жаңадан қоныстанушы-комбайншылар В. Кустрин (сол жақта), С. Снакодуб және И. Мудрук қабылдап алардың алдында комбайндарды көріп тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мол өнім алынады

Мамлют совхозының коллективі жүгері егісінің көлемін өткен жылғыдан быйыл жеті есе ұлғайтып, 640 гектарға жеткізді. Бұдан басқа сүрлем үшін 100 гектар күнбағыс егілді. Бұл дақылдардың барлығы шаршы-ұялы әдіспен отырғызылды.

Көзіргі уақытта совхоз механизаторлары мен жұмысшылары жүгеріні және күнбағысты күтуді үлгілі ұйымдастырып отыр. Жүгерінің қатаралығын культуривациялауда тракторшы коммунист Зоя Белова жолдас қажырлы еңбек етуде. Ол өз сменасында біржарым нормаға дейін орындап жүр. Одан механизаторлар Черемухин, Анохин жолдастар да қалысар емес.

Совхоз механизаторлары жүгері мен күнбағысты жаз бойы екі-үш рет культуривациялауға, сойтіп егіндік участокті арамшөптен таза ұстауға міндеттенді. Олар алған міндеттемелерін аброймен

Адамдар өмірін қорғау—игілікті іс

Совет дәрігеріне дүние жүзіндегі ең қымбатты капитал—адамдар өмірін қорғау сыяқты аса абройлы және зор жауапты міндет жүктелген. Шыңдығында дәрігер ең алдымен адамдарымыздың денсаулығы, Отан игілігі жолында қажырлылықпен еңбек ете беруіне күш салады. Ал өз еңбегінің жемісін көзбен көру ең алдымен Отан игілігіне аз да болса өзі қосқан үлесті сезіну деген сөз.

Мен Октябрь ауданындағы Есіл ауылдық Советінің жанындағы дәрігерлік пунктінде жұмыс істей бастағанымға екі жылдай уақыт болды. Бұл уақыт ішінде совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен ауыл шаруашылығын тың және тынайған жерлер игеру есебінен шұғыл өркендету міндетін алға қойып, оны аброймен орындау жолында қажырлылықпен еңбек етіп жүр. Мен басқарған дәрігерлік пункттің қамтуындағы «Бірлік» және Жамбыл атындағы колхоздар Октябрь ауданындағы тың игеретін ірі орталықтардың бірі. Игілікті міндетті жүзеге асырып жатқан қажырлы еңбек иелерін медициналық қамту жұмыстарын жақсарту—менің алға қойған ең басты міндетім.

Селолық жерлерде еңбекшілерді дәрігерлік қамту жұмысының өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда орталықтағы жерлердегі сыяқты жақсы жабдықталған аурухана не болмаса медицинаның соңғы табыстарымен жабдықталған амбулатория әлі де болса аз. Әрине, бұл жағдайлар белгілі дәрежеде жұмысқа қиыншылықта келтіреді. Бірақ қолда бар мүмкіншілікті орынды пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы еңбекшілерін дәрігерлік қамту ісін жақсартуға толық болады.

Дәрігерлік пункттің қамтуында төрт елді пункт бар. Олардың орналасқан жерлері де шалғай. Мен бұл елді пункттердің еңбекшілерін кезінде қамтып отыру үшін арнаулы уақыт кестесін жасап, әрбір елді пунктте жұмысына кем дегенде бір-екі күн болып отырамын. Әресе дәрігерлер қарауында жүрген науқастарды назардан тыс бірде-бір күн қалдырмауды мұқият қарастырамын.

Менің әрбір бригадада болған күндерім қысқаша айтқанда былай өтеді: ең алдымен қажетті дәрігерлік көмек күтін жатқан науқастарға көмек көрсетемін. Онан соң мектепте болып, оқушылардың денсаулығын және тазалығын байқаймын. Сол сыяқты колхозшылар үйлерінде болып, үй иесі әйелдермен санитарлық ережені сақтау жөнінде, үй ішінің тазалығы және тамақ пісіру жөнінде еңгіме өткіземін.

Көктемгі және күзгі дала жұмыстары кезінде селолық жерлердегі дәрігерлік пункттердің жұмысы да күрделілене түседі. Бұл әресе дала жұмыстары кезінде колхоз еңбекшілерінің дала қостары мен трактор бригадаларында болатындығынан туатын жағдай. Мен бұл кезге өзімнің негізгі жұмыстарымды еңбек даласында жүргіземін. Егіншілер мен механизаторлар арасында жұқпалы аурудан сақтану, түрлі апаттан қорғану шаралары жөнінде өңгімелер өткізіп, әрбір дала қосы мен трактор бригадасының басында алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсететін аптекалар ұйымдастырып, оларға жауапты адамдарды тағайындаймын. Сол сыяқты еңбекшілерді дәрігерлік байқаудан өткізіп, әресе аспазыштардың ісіне мұқият қадағалау жасаймын.

Біздің дәрігерлік пункт ауруларды стационарлық түрде емдеуге жабдықталмаған. Солай бола тұрса да мен науқастардың қажетті дәрігерлік көмекті кезінде алып отыруын қатаң жүзеге асырып отырамын. Кездесетін басты қиыншылық аурулардың жатып емделуі үшін қойканың болмауында және жүкті әйелдер босанатын үйдің жабдықталмауында болып отыр. Сол сыяқты кейбір жеделден бригадирлер менің бір елді пункттен екінші елді пунктке дер кезінде барып тұруым үшін қажетті көлікпен қамтамасыз етуді еске алмайды. Мұндай бригадирлердің қатарына Жаңа талап селосындағы С. Нұртазин жолдасты қосуға болады.

Менің еңбекшілерді дәрігерлік қамту жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруға аудандық ауруханада істейтін маман дәрігерлер Кисилевская, Баневич жолдастардың айтарлықтай көмек көрсетіп отырғандығын айта кету керек. Олар дәрігерлік пунктте болған кезде менің жұмысыма кездесіп отырған қиыншылықтарды жоюға нақтылы түрде көмектесіп отырады. Сол сыяқты дәрігерлік пункттің жұмысындағы кездесетін басты қиыншылық—ауруларды анықтаудағы менің кемшіліктерім туралы сын пікірлер айтып, бұл кемшіліктерді жоюға едәуір дәрежеде көмек жасады.

Адамдар өмірін қорғау—игілікті іс. Мен бұл абройлы міндетті атқару жолында өзімнің күш-жігерімді аямай жұмсап, қажырлылықпен еңбек ете беретін боламын.

Ж. ТЕМІРБЕКОВ,

Октябрь ауданы, Есіл ауылдық Советі жанындағы дәрігерлік пункттің меңгерушісі.

Көркемөнерпаздардың аудандық байқауы

Жуырда Преснов аудандық мәдениет

Преснов совхозының оркестрі бірінші

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Көмек керек

Омск темір жол басқармасының Петропавл станциясы жанындағы «НГЧ—2» құрылыс участогінің негізінде № 36 ФЗО мектебі ұйымдастырылған болатын. Мектеп ұйымдастырылғаннан бері өртүрлі мамандықтағы 1600 құрылысшыларды тәрбиелеп өсірді.

Өндірістік практика болашақ мамандар үшін шеберліктерін арттыруға, өз ісін жете білуге мүмкіндік береді. Бұдан бұрынғы өткізілген өндірістік практика өзіннің игі нәтижелерін көрсетті. Жас мамандар практикалық жұмыстарда тұрғын үй, мекеме үйлерін салып ысықты. Атап айтқанда, Петропавл станциясындағы байланысшылар мекемесін, № 15 орта мектеп үйін және Буденный атындағы көшенің бойында арқайысы екі атаждан бес тұрғын үйді, Ленин көшесіндегі қонақүйі мен парткабинет үйлерін салды.

Мектепте техникалық үйірме жұмыс істейді. Онда түрлі мамандықтарға бейімделіп, оқу программасына шақталып жасалған 60-тан астам өртүрлі макет, үлгілер қойылған. Алайда, жас мамандарды тәрбиелеп, оларға сапалы білім беруге бірқатар кемшіліктер кедергі жасап келеді. Атап айтқанда, болашақ мамандардың өндірістік практиканы жақсы өткізулеріне ешқандай жағдай жасалмай отыр. Оларға белгілі құрылыс объектілері уақытында көрсетілмейді. Бұған ең алдымен № 2 құрылыс участогінің бастығы Солянов, «НГЧ—2» құрылыс участогінің бастығы Пономарев жолдастар кінәлі. Өйткені, бұл жолдастар оқушылардың өндірістік практиканы жемісті жүргізулеріне мүмкіндік туғызбай келеді. Осының салдарынан жас мамандардың тең жартысы өндірістік практикаға қамтылмай қалады.

Мектептің өзінде болашақ мамандардың жаттығу жұмыстарын жүргізуге аса қажетті ағаш, әк, тас, тағы басқа да осы сыяқты көптеген материалдардың болмағандығынан, практикалық сабақ тиісті дәрежесінде жүргізілмеді. Мұның өзі жас мамандардың толық білім алуына айтарлықтай кедергілер жасады. Бірақ құрылыс мекеме басшылары Солянов және Пономарев жолдастар бұл мәселеге жете мән бермей жүр. Олар, «өйтеуір практика сабағы өтсе болды» деп, сол өпілетін сабақтар мазмұнына көңіл аудармайды.

Біздің ойымызша жоғарыда аты аталған басшы жолдастар мектеп өмірімен жиі-жиі танысып, жас мамандарға не қажеттілігінің барлығын тауып беріп, олардың сапалы оқуына, білім алуларына, мамандықты терең әрі жан-жақты меңгерулеріне қажетті мүмкіншіліктердің бәрін де жасауға тікелей міндетті.

В. КИСЕЛЕВ,

№ 36 ФЗО мектебінің директоры.

өткізу үшін комбайн паркін іске тез және сапалы әзірлеу қажет. Қазір МТС-тің барлық жөндеуші-механизаторлары бұл іске ерекше назар аударып отыр.

Механизаторлар мен мастерскойдағы басқа жұмысшылар Полудень МТС-і коллективінің егін жыйнау мен астық дайындауға үлгілі әзірлену және бұл жұмыстарды қысқа мерзімде өткізу туралы үндеуін талқылап, қызу қуаттады. Комбайн жөндеуді 1 июльге дейін толық аяқтауды көздеп, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

Алған міндеттемені мүлтіксіз орындау жолында жанамай еңбек ету арқылы көптеген жөндеушілер өз ісінде жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Монтаждау цехындағы комбайншы Г. Вдовин, Ф. Михайлов тапсырмаларын үнемі асыра орындайды. Сондай-ақ Воропаев, Шепилов, Калугин, Ахметов жолдастар тапсырмаларын 130—160 процент орындап жүр.

Жөндеу жұмысындағы токарлар, слесарьлар, ұсталар да еңбектің тамаша үлгі-

береді. Жөндеуші-механизаторлардың қажырлылықпен еңбек ету нәтижесінде мастерскойда 66 комбайн сапалы жөнделіп, бұл жөніндегі жоспар 62,8 процент орындалды. Июнь айының екінші онкүндігі ішінде 16 комбайн жөндеді.

МТС механизаторлары комбайндарды жөндеумен бірге, оларды дөңтүтқыштармен, жатып қалған егінді жыйнауға қажетті тетіктермен жабдықтауға ерекше назар аударып келеді. Бұл егін жыйнау кезінде астық ысырабын барынша азайтуға жағдай жасайтын болады. Сүрлем үшін егілген дақылдарды жыйнауға икемделіп 13 комбайн қайта жабдықталды.

Механизаторлар мен жөндеушілер еңбек өнімділігін арттыра отырып және комбайндарды тез, сапалы жөндеуге мүмкіншіліктерді тиімді пайдалана отырып комбайн паркін, егін жыйнауға қажетті басқа да машиналарды іске толық әзір ету жөніндегі уәделерін сөзсіз орындайды.

Н. МИШИН.

ларында отамалы дақылдардың қатараралығын баптауда 4 трактор жұмыс істейді, олардағы барлық механизаторлар сменалық тапсырмаларын толық орындап жүр.

Г. ЧЕШКОВ.

* * *

Конюхов ауданы, «Жаңа тұрмыс» колхозының колхозшылары егінді күтуді қарқынды жүргізуде. Жүгері егінін культивациялау және жегенелеу жұмыстарына көптеген колхозшы әйелдер және мектеп оқушылары қатысып жүр. Исаев, Салахутдинов және Бекішов жолдастардың басқаруындағы звенолар күн сайын 30-35 гектар жүгерінің арамшөбін отайды.

Қазір колхозда 203 гектар жүгері бір рет культивацияланды.

Қ. ТАУБАЕВ.

дандық байқауы болып өтті. Оған 200 адам қатысты.

Село көркемөнерпаздарының аудандық байқауында Благоевченко және Николаев селолық клубтарының көркемөнерпаздары бірінші орынға ие болды. Екінші орын Архангель селолық клубының, үшінші орын Преснов совхозының көркемөнерпаздар коллективтеріне берілді.

Халық әндері мен билерін, жеке мелодияларды, халық күйлерін өте жақсы орындап шыққандығы үшін көркемөнерпаздардың аспаптар оркестрі бойынша

Ж а н а к л у б

Ленин ауданының Пушкин атындағы МТС-нің механизаторлары өткен жылы клуб үшін салу жұмысын қолға алған болатын. Жуырда клуб үйі пайдалануға берілді. Ол 130 адамға шақталған.

Сонымен қатар мұнда селолық кітапхана орналасқан. Онда 1410 дана

оркестрі екінші орынға, «Баян» клубының клубы үшінші орынға ие болды.

Байқауда жеке ән орындауда П. Палий (Преснов совхозы), Сәкен Баржытов («Баян» колхозы), Амандықов («Сталин жолы» колхозы), Жақыпова (Абай атындағы колхоз) ерекше көзге түсті.

Байқау ауыл-село еңбекшілері мәдениетінің жыл сайын өсіп, көркемөнер саласындағы дарындылығының артып отырғандығын көрсетті.

Ө. ҚАРҒЫНБАЕВ.

кітап бар және көптеген газет, журналдар алдырылады. Дала қостары мен трактор бригадаларында жұмыс істейтін егіншілер мен механизаторларды қамту үшін мұнда жылжымалы кітапхана ұйымдастырылған.

М. СЕРҒАЛИЕВ.

ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

—Виктор, сен кәрі шешене ренжіме, сенің халық алдындағы борышыңды орындауыңа мен білместікпен біраз кедергі жасапшын. Сенің Қазақстанға Машамен бірге кетемін деген тілегіңе қарсы болдым. Мен анаңмын ғой, сенің бақытты болғаныңды тілеймін, сен мені тастап кете алмадың, енді игі талабыңа келденең бөгет болмаймын. Достарыңнан, қатарыңнан қалғаның маған да батады, оны өзің де қатты ойлайсың. Мүмкін, Маша да бізге өкпелейтін шығар. Сондықтан да хат жазбай жүрген болар. Сен оны ташпай қойма, ол қай жерде болса да іздеп бар. Екеуің қосылған соң маған хабар жіберіңдер. Онда да жақсы дейді ғой, мен көшіп барамын. Жұмысты жақсы істедіңдер. Ол жақтың көктемі суық болатын шығар, салқын тиіп ауырып қалмаңдар...

Ұлын шығарып салуға келген қарт ананың поезд жүрер қарсаңында вагон алдында тұрып айтқан аналық қамқорлық сөзі, мейрімді жүрегінің тілегі осындай еді.

Солтүстік Қазақстанның облыстық комсомол комитетінен Машаның қай совхозда екенін білгеннен кейін Виктор да сол Ленин атындағы совхозға жолдама алды. Міне, Машаны іздеп тапты. Бірақ Маша оны ойлағанындай қарсы алмады, жөні түзу амандаспады да.

Виктор Озақкий машинасының жарығын сөндірді де жол жиегіндегі бетегенін үстіне шапқасынан жатып, шығыстан солғын сәулесін көзбете түсіріп тұрған айға қарап ойланумен болды.

«Маша Ленинградтан жүретін күні мен оны шығарып салуға келе алмадым. Қа-

зақстанға тың көтеруге кетейін деп Машаға айтқан өзім едім. Бірақ менің сүйікті шешемнің Қазақстанға келуі былай тұрсын, менің кетуіме де қарсы болғаны бар емес пе. Ол кісі ақыры түсінді. Енді бәріне де түсінді. Оқасы жоқ, аз кешіксем де мақсатыма жеттім. Егіс аяқталған соң біраз күнге сұранып, шешемді көшіріп әкелемін».

Оның ойына тағы Маша түсті. «Мүмкін ол мені айтқан сөзінде тұрмады, менімен бірге кетпеді деп жазғыратын шығар. Өкпелейтін жөні де бар. Тек мүлдем ұмытып кетпесе жарар еді». Сүйген жүрек бұл жағдайды түрлі жорамалға жорып, қыйыр жезген қыял сан толқуға түсірді оның ойын. Виктордың ойына қызғаныш сезімінен бір хауіште туа қалды. Мана Маша мұны көргенде солғын амандасты да, үйге қарай бір жас жігітпен бірге қайтты. Мені мүлде ұмытқаны ма? Виктордың денесі мұздан, бойы дір ете түсті. Ол жатқан жерінен ұшып тұрып, кабинетке отырды да совхоз орталығына қарай ағыза жөнелді.

* * *

...Жұмыстан қанша шаршап келсе де Маша әде неге елегізің ұйықтай алмады. Ол төсегінен тұрды да, ентен басып терезенің алдында тұрған орыңдыққа желіп отырды. Ұйықтап жатқан Шолпанды саятып алмайын деген оймен үй ішіне жарық та жақпады.

Машаның бүгін жұмыстан көңіліз қайтқанын сезген Шолпан бұл кезде «Маша неге ренжіді екен», деген оймен жатып әлі де ұйықтай қойған жоқ еді. Өзінің сүйікті досының ренжіген реңін Шолпан бұрып көрген жоқ-ты. Маша

екеуі бұл жерге бір күнде келді де, содан бері айрылмас дос болып кетті. Маша оның қарт әке-шешесінің екінші туған қызындай болып кеткен-ді. Шолпан Машаның бүгінгі көңіліздігін үй ішіне ренжіген шығар деп жорыған еді. Сондықтан досының ренжу себебін сұрауға да батылы бармады. Маша оған қатты сөз айтып тастайтындай көрінді. Шолпан да төсегінен тұрып Машаның жанында тұрған орыңдыққа келіп отырды.

Бұл үй совхоздың шығыс жақ шетінде болатын. Көшедегі машиналардың түрлі, адамдардың дабырласып сөйлескен үні терезеден естіліп тұр. Бір топ қыздар мен жігіттердің қосылып шырқаған әні естіледі.

Неге тағы жазғырдың сен мені, Хабар жазбай кеткелі. Жалғыз ғана мен соған кінәлі, Дәрмен жоқ ұмыттар сені.

Осы ән Машаға өзінің сүйгені Виктор айтып тұрғандай сезілді.

Маша жанына келіп отырған Шолпанның иығына басып сүйен отырып, досына бүгінгі көңіліздігі туралы сөйледі.

—Венера (ол Шолпанды осылай атайтын), мен сенің алдында бір құпия сырды осы уақытқа дейін айтпай келгеніме кінәлімін, сен мені кешір. Сен анау Ленинградтан келген шоферді көрдің бе, сол менің...

—Ол қандай жігіт, анау бұйра шапты, ұзын бойлы жігіт емес пе?

—Ия, сол. Оны мен сүйемін. Ол екеуіміз Ленинградта бірге қыдыратын едік. Кейін бір-бірімізді ұнатып, қосыламыз да болған едік. Ол менімен бірге кетпек-

ші болды. Бірақ мұнда менімен бірге келмек түгіл мені шығарып салуға да келмеді. Мен оған қатты ренжідім. Мұнда келген соң хат жазайын дедім де, жазбадым.

—Маша, сен дұрыс істемегенсің, жазу керек еді.

—Мен оның келетініне сендім. Ол келді. Бүгін ол Елемес ағаймен бірге тұр екен. Мені көргенде ол маған қарай ұмтылды. Мен оған танымайтын адамша амандастым. Себебі ұялдым, әрі ренжуім де күшті еді. Енді оны мен ренжіттім-ау деп қысылып отырмын...

* * *

Маша мен Шолпан қалың шоқ қайыңның ішімен жүріп келеді. Желсіз тынық айлы түн. Ағаш ішінің қоңыр салқын ауасының жұпар иісі аңқып тұр. Олар ілгері басқан сайын ағаш арасындағы шөптердің сыйдамындағы жанбыр тамшылары ай сәулесіне шағылып, төгілген маржандай жылт-жылт етеді.

—Маша, сен қайғырма, ол сені сүйеді. Өйтпесе ол мұнда келмей-ақ, басқа совхозға кетер еді ғой.

—Мен оның сүйетіндігін білемін. Бірақ кеше мен оны ренжітпін алдым, онан соң іздеп бармадым. Жарайды, енді басқа әңгіме айтып, мен саған Ленинградтан не әкелейін?

—Маған ба?—деп Шолпан аз ойлана қалды да,—Маған кіреукеден жасалған кегершін түйреуіш әкел. Жоқ, ол емес, анау Вераның тағып жүргеніндей Украина мен Россияның қайта қосылуының 300 жылдығын бейнелейтін значек бар ғой, соны әкел. Екеуіміздің мәңгі достығымыздың ескерткіші болсын,—деп Машаны құшақтап ағаш ішін жаңғыртп күлді.

Виктор элеватордан совхозға соңғы рет

түн қараңғысы түсе келді. Екі күннен бері қауырт жұмыспен жүріп шаршаған еді. Жаңа келгеннен кейін директор таңертеңге дейін тынық деген болатын. Ол кешкі асын ішіп, далаға шыққанда ағашқа қарай беттеп бара жатқан екі адамды көрді. Оның кешегі күдігі бүгін пынға айналған сыяқты. Маша біреумен кетіп барады. Ол мені рас ұмытқан екен. Барлығы өзімен болды. Кешіктім. Ол үйдің алдындағы орыңдыққа отыра кетті. Жоқ, Маша олай істемейді, алдамайды, деген ой да бір жағынан оның күдігін әлсірететіндей. Ол шнырақ басып, ағашқа қарай кеткен екеудің соңынан жөнелді. Машаны құшақтап сыңғырлай күліп тұрған адамның қыз екенін көрген Виктор, екі қызға тақай беріп:

—Маша,—деді. Бірақ оның дауысы қыздарға ерң естілді. Таныс дауысқа жалт бұрылған Маша өзін қаншалықты ұстайтын деседі қарсы алдында тұрған Викторға тақан келген кезде оны қалай құшақтай алғанын білмей де қалды. Адалдықпен бір-бірін тапқан достарының құшақтасып тұрғанын көргенде Шолпанның көзінде қуаныш жасы іркілді.

...Совхоздың шығыс жағында төбесі шифрмен жабылған төрт терезелі үйдің алдында Нұрғали мен Шолпан, Виктор мен Маша отыр. Олар өздерінің жас достарымен бірге бүгін көктем егінін аяқтаған. Шолпан мен Нұрғалидің Виктор мен Машаның үйлену тойлары ертең осы үйде бірге өтеді.

Той өткен соң Маша Виктордың шешесін көшіріп әкелуге Ленинградқа барады. Бұл төрт бөлмелі жаңа үйде Маша мен Шолпанның, олардың қарт аналарының тату-тәтті, достық өмірі басталады.

Ә. МҰСАХАНОВ.

Совет ауданы, Ленин атындағы совхоз.

Октябрь ауданы, «Заря» астық совхозына қарайтын Социал селосындағы жұмысшылар арасындағы мәдени тұрмысқа көңіл бөлінбей келеді. Бұл селода совхоз партия ұйымы секретары Липатов пен совхоз директоры Кузнецов жолдастар сирек болады. Олар мұнда келген күннің өзінде де 10—15 минуттан артық тоқтамайды. Совхоз жұмысшыларының мәдени және тұрмыстық тілектерін тындамайды. Мәселен, совхоздың бұл селосында монша жоқ. Жұмысшылардың монша салу жөніндегі тілектеріне Кузнецов жолдас: «Көзір монша салуға мүмкіншілік жоқ, монша салатын кісі жоқ» деп жауап береді. Ал бұл селода тұрушы Қожахметов, Жүнісов, Мұхамеджанов, Дүйсенов сыяқты коммунистер Кузнецов жолдастан жұмысқа орналастыруды талап етсе, ол жұмысшылардың бұл орынды талаптарын да қанағаттандырмайды.

Селода тұрушылар хат-хабарлар мен газет, журналдарын уақытында ала алмайды. Май айының 21-нен бастап жұмысшылар хат, газет алған емес. Өйткені бұл жұмысты атқаруға белгілі адам тағайындалмаған. Сондай-ақ, бұл селода клуб үйі жоқ.

Совхоз жұмысшылары селодағы мәдени мекемелерінің жұмысын жақсартуды талап етіп отыр. Олардың бұл орынды тілектерін қанағаттандыру ісін совхоз директоры Кузнецов жолдас қашан қолға алар екен.

Қ. ШОҚАТОВ.

Жарияланбаған хаттың

дерегі

«КІТАПХАНА ҚАШАН АШЫЛАР ЕКЕН?»

Газетке жарияланбаған осы тақырыпты тілші хатында Преснов ауданындағы Майбалық ауылдық кітапханасының меңгерушісі Молдахметов жолдасының өз міндетіне жауапсыз қарап, кітапхана жұмысын еңбекшілердің бүгінгі өскелең мәдени тілегіне сай ұйымдастыра алмай келгендігі атап көрсетілген еді.

Преснов аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі И. Долгушин жолдас редакцияға, тілші хаты бойынша төксеріс жүргізгенде онда көрсетілген фактілер толық анықталды деп хабарлады. Кітапхана меңгерушісі Молдахметовтың өзіне жүктелген міндетті атқаруға салқын қарап келгендігі жөнінде партия жыйналысында мәселе қаралып, ол кітапхана меңгерушісі қызметінен босатылған.

Кітапхана жұмысын жолға қою, ауыл еңбекшілерінің мәдени тілегін тыңғылықты өтеу үшін тиісті шаралар қолданылған.

Халықаралық шолу

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШИЕЛЕНІСТІ БӨСЕҢДЕТУ

Өткен аптада болған, дүние жүзінің барлық елдеріндегі жұртшылықтың назарын аударған ең көрнекті халықаралық оқылғалардың бірі Совет үкіметінің 13 июльдегі нотасы болды, бұл нотада төрт державаның үкімет басшыларының кеңесінің 18 июльде Женевада шақыруға ризалық білдірді. ССРО үкіметі бұл кеңесті шақыруға өзінің дұрыс қарайтынын 26 майдан өзінде-ақ айтқан болатын. Көзір кездесудің орны мен мезгілі туралы мәселе реттелді, сөйтіп енді бір айдан кейін ССРО, АҚШ, Великобритания және Франция үкіметтерінің басшылары пісуі жеткен халықаралық проблемаларды бірлесіп қарау үшін бас қосатын болып отыр.

Халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қолдау үшін ерекше жауапкершілік жүктелетін төрт державаның үкімет басшыларының кеңесін шақыру туралы мәселенің шешілгені барлық жерде де аса зор қанағаттанған сезіммен қарсы алынды. Бейбітшілік тағдырының қамын ойлап отырғандардың бәрі алдағы кеңестен бейбітшілік ісіне хауіпті халықаралық шиеленісті бөсеңдетудің жаңа мүмкіндігін көрді.

Бірақ бейбітшілікті шын ниетпен жақтаушылар төрт державаның кеңесін шақыру фактісінің өзі-ақ оның табыспен өтетіндігін көрсетеді-міс деп ойлаудың хауіпті алдағын болатындығын түсінуде. Кеңестің негізгі міндеті — халықаралық шиеленісті бөсеңдету және мемлекеттер арасындағы қатынастарда өзара сенімді нығайту болуға тиіс. Бұл міндетті төс Женевадағы алдағы кездесуге қатысушылардың бәрі де шешілмеген халықаралық проблемаларды реттеуге іс жүзінде күш салған күнде ғана шешуге болады. Совет Одағының бірқатар халықаралық проблемаларды шешуде көрсеткен инициативасы халықтар арасында бейбітшілік пен ынтымақты нығайту ісіне қосылған бағалы үлес болды. Төуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы мемлекеттік договордың жасалуы бүкіл халықаралық жағдайға жемісті өзгеріс әкелді. Совет үкіметінің қару-жарақты азайту, атом қаруына тыйым салу және жаңа соғыс қатерін жою мәселелері жөнінде осы жылғы 10 майда БҰҰ-ның қаруыздандыру жөніндегі Комиссиясының Лондондағы Көмекші комитетінің қарауына енгізілген ұсыныстарын бүгінгі дүние жүзінің бейбітшіл жұртшылығы дұрыс бағалады. Сонымен қатар ССРО мен Югославия арасында қатынастарды оңдау және жақсарту жөніндегі шаралар, ССРО мен Герман Федералдық Республикасы арасында дипломатиялық және сауда қатынастарын орнату туралы Совет үкіметінің ұсыныстары, Лондонда жүргі-

лары кездесуінің табысты болатындығына күмен тудыру мақсатын көздеген дүрлікпалы айқай-шу айқын көрсетеді. Төрт держава кеңесінің мақсаттары мен міндеттері туралы мәселеге оқпай өтуге барынша тырысып, бұл баспасөз органдары кеңестің асығыс жағдайда өтетін болуына ең бастысы, — халықаралық шиеленісті бөсеңдету өзінің шешілуіне байланысты болатын мәселелерді қарауға көлестің тіпті де тырыспауына көбірек қамқорлық жасауда.

Егер төрт державаның кеңесін күн ілгері сөзсіздікке ұшырату әрекеттері батыс елдеріндегі газеттердің немесе жеке саяси қайраткерлердің белгілі тобының тарапынан ғана жасалып отырған болса, бұған онша көңіл аудармауға да болар еді. Бірақ өңгіменің қыбындай түсетін себебі сол, АҚШ билеуші топтарының бірқатар ықпалды өкілдері дәл осындай мақсаттарды көздеп, олар төрт державаның үкімет басшыларының кеңесіне «күш көрсету тұрғысынан» қарауға және Совет Одағымен өктем тілмен келіссөздер жүргізуге тырысып отырғандығын көрсетуде. Мұндай қайраткерлердің қатарына АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес те жатады, ол Женевадағы кеңес халықаралық шиеленісті бөсеңдету проблемаларын қараудың орнына, «Шығыс Еуропа елдерінің проблемасы» немесе «халықаралық коммунизмнің қымылы туралы» мәселе сыяқты іс жүзінде болмай отырған, осындай қыбысыз және адам нанғысыз «проблемаларды» талқылаумен шұғылданып болсын деген үндеу таратты.

14 июльде жарияланған СОТА-ның мәлімдемесінде Даллестің және АҚШ-тың басқа да кейбір мемлекет қайраткерлерінің қыбысыз позициясының түпкі мәлі ашылып берілді, өйткені олар, Женевада болатын алдағы кеңеске «күш көрсету тұрғысынан» қарап, оның табысты болуы тек Совет Одағының позициясына байланысты-мыс дегенді айтуда, сөйтіп өздерінің осы кеңестің жұмысын жеңілдеткісі келмейтінін, қайта кеңеске қыбыншылықтар тудыруды көздеп отырғанын көрсетуде. Шыңдығында, халықаралық қатынастардағы шиеленісті бөсеңдетуді көздемей, қайта мұның керісінше, осы шиеленісті қолдап, жанталаса қарулануды онан сайын өріште беруге тырысып отырғандар ғана осындай мәлімдемелер жасай алады.

Францияның оңшыл «Эхо» газеті, батыс державаларының реакцияшыл топтарының Женевадағы кеңестің жемісті жұмыс істеуіне жол бермеуге тырысқан әрекеттерін ашкерелеп, былай деп жазды: «Төрт державаның кеңесін тілмейтіні, одан ешқандай жақсылық күтпейтін американдар бұл кеңеске жақсы және нақты сенімділік жағдайды тудыру қару-жарақ-

ның бірқатар ресми өкілдері бұл ұсыныстар жарияланғаннан кейін оның зор маңызы бар екенін таныды және бұл ұсыныстарды алға басқан қадам деп бағалады, өйткені бұл ұсыныстар қару-жарақты азайту проблемасын талқылауға қатысушы барлық жақтардың позицияларын еске алуға негізделді. Великобританияның сыртқы істер министрі Г. Макмилан, қауымдар палатасында сөз сөйлеп, совет ұсыныстарын «өте қиын келіссөздер жылдарындағы ең тамаша факті және орынды қадам» деп сыйпаттады.

Ал оның бер жағында батыста совет ұсыныстарын бұрмалауға, оны бұрмалап көрсетуге, ССРО-ның позициясы жайында жұртшылық пікірін адыртпауға әрекет жасалуда. Бірақ мұндай әрекеттер тіпті көп жылдардан бері қару-жарақты азайтуды сөз жүзінде ғана жақтап, іс жүзінде жанталаса қарулануды онан өрі жүзеге асырып келгендердің өкілдерінің ғана шкерелейді.

БҰҰ Бас Ассамблеясы Декларациясының советтік жобасында көрсетілгендей, қаруыздандырудың көлемді программаны жүзеге асырудың және осы программаны орындауға халықаралық бақылау қоудың қажетті шарты «қырғыйқабақ соғыс» жағдайын тоқтату болып табылады, мұның өзі халықаралық қатынастарда қажетті сенім тудырған болар еді. Батыс баспасөзі мен батыс дипломатиясы мәселенің осылай қойылуына сөз жүзінде келісіп отыр. Мысалы, Американың ықпалды «Нью-Йорк таймс» газеті бір кезде былай деп көрсетті: «проблеманың мәнісі қаруыздандырудың техникалық өлшеу-өлшеуіне ғана емес, сонымен бірге халықаралық сенім тудырудың қажет екендігінде болып отыр». Ал соның өзінде батыстағы белгілі топтар мемлекеттер арасында сенімге негізделген қатынастар орнатуға барынша кедергі жасап келеді.

Бұған қарама-қарсы, Декларацияның советтік жобасы «қырғыйқабақ соғысты» тоқтатуда бағытталған айқын және нақты шараларды көздеп отыр. Атап айтқанда: жаңа соғыс насихатын айыптайтын БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарларын бұзғышай орындау, төрт державаның оккупациялық әскерлерін Германияның территориясынан кешеуілдетпей әкету, бөтен территориялардағы соғыс базаларын жою туралы келісімдер жасасу, атом материалдарын өндіру ісінде тәжірибесі бар мемлекеттер тарапынан атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану саласында басқа елдерге көмек көрсету, Қыбыр Шығыста шешілмеген мәселелерді реттеу жөніндегі ұсыныстар осындай шаралардың қатарына жатады.

Мемлекеттер арасындағы қатынастарда сенімділік жағдайды тудыру қару-жарақ-

БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БЕЙБІТШІЛІК АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

ХЕЛЬСИНКИ, 22 июнь (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін жергілікті уақыт бойынша 16 сағат 45 минутта «Мессухалли» залында Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Ассамблеясы ашылды. Залға 90 елден келген 2 мыңға жуық делегаттар, баспасөздің, радио мен киноның көптеген өкілдері жыйналды. Үлкен зал делегаттары келген елдердің мемлекеттік жалауларымен безендірілген.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бас секретары Жан Лаффиттің ұсынысы бойынша құрамында 150 адамнан Ассамблеяның президиумы сайланды.

Бүгінгі мәжілістің председателдігіне Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председатели Фредерик Жолио-Кюри сайланып, ол Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Ассамблеясын ашық деп жариялады. Финляндияның Нюланд губерниясының губернаторы, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі Вяйне Мелти финнің бейбітшілікті жақтаушылары атынан келгендерді қысқаша сөз сөйлеп құттықтады. Мәжілісте Бельгия королевасы Елизавета, Рамешвари Неру ханым, Мексиканың бұрынғы президенті Ласаро Карденас, Францияның Ұлттық жыйналысының құрметті председатели Эдуард Эррио жолдаған құттықтаулардың текстері оқылды.

Бұдан кейін Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председатели Фредерик Жолио-Кюри ұзақ сөз сөйледі.

ВЬЕТНАМ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ССРО МЕН ҚЫТАЙҒА ЖҮРІП КЕТУІ


Президент Хо Ши Миннің мәлімдемесі ХАНОЙ, 22 июнь (СОТА). Вьетнам информация агенттігінің хабарлауына қарағанда, Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасына осы екі ел үкіметтерінің шақыруы бойынша Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин бастаған Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Вьетнам еңбекшілері партиясының делегациясы бүгін Ханойдан жүріп кетті.

Делегация мүшелерінің ішінде Вьетнам еңбекшілер партиясының бас секретары Труонг Шин, сонымен бірге Вьетнам еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Нгуен Дуи Тринь, Өнеркәсіп және сауда министрі Фан Ань, Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы министрі Нгуен Ксюан Нем, Финанс министрі Ле Ван Хьн, Оқу-ағарту министрі Нгуен Ван Ксюен, Сыртқы істер министрінің орынбасары Унг Ван Кьсем, Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Фам Нгок Тхань бар.

Жүріп кетер алдында президент Хо Ши Мин мынадай мәлімдеме жасады:

Көмбатты отандар! Совет Одағы мен Қытай Халық Респуб-

ФИЗКУЛЬТУРА ЖӘНЕ СПОРТ



СУРЕТТЕ: Қазақ ССР-нің кубогін алу үшін өткізілген футбол жарысында жеңіске ие болған қаладағы «Пицевик» ерікті спорт қорамының командасы (солдан оңға қарай) Қ. Байболов, Ғ. Хабибуллин, Б. Махалов, Ғ. Помозов, Ғ. Тарақанов, А. Ярославцев, М. Вязьмин, В. Лосев, К. Дылдин және А. Осипов. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Оқушылардың VII спартакиадасы

17 июльде облысымыздың алты аудан орталықтарында мектеп оқушыларының облыстық VII спартакиадасы басталды. Бұл жарыс облысымыздың спорттық өміріндегі үлкен оқылғалардың бірі болып табылды.

Мұндай спартакиадаларды өткізу мектеп өмірінің дәстүріне берік сіңген іс болып отыр. Ең алдымен бұл жарыстар мектепте және мектептен тыс жерлерде жүргізілетін оқушыларды спортқа жаттықтыру жұмыстарын қорытындылайды. Бірақ быйылғы жылғы спартакиада ең алдымен өзінің маңыздылығымен көзге түседі. Өйткені ол 1956 жылы Москвада өткізілетін ССРО халықтарының Спартакиадасына дайындық жұмыстарының бір саласы болып табылады. Сондықтан да быйылғы өткізілген VII спартакиаданың программасы да өткен жылдарға қарағанда әлдеқайда кең болып, оған көп адам қатысты.

Спартакиаданың май айының бірінші жартысында өткізілген алғашқы кезеңінде оған облысымыздың 10 мыңнан астам оқушылары қатысқан еді. Ал, жуырда болып өткен аудандық жарыстарда 3 мың оқушы өз өнерлерін көрсетті. 17 июльде басталған волейбол және баскетбол жарыстарына 200-ден астам оқушы қатысты.

Оқушылардың Булаев аудандық спартакиадасында Булаев орта мектебінің оқушылары Щербенко және Семини-

тиборьеден ССРО рекордшысы болып отыр. Оның спорттық бұл түрінен жасаған рекорды дүние жүзіндегі ең жақсы көрсеткіштердің бірі. Көзір республикаға аты мәлім. Федянина, Байболов, Волкова сыяқты жас спортшылар өздерінің алғашқы шеберліктерін оқушылардың облыстық спартакиадасында бастағандар болатын. Бұл күндері оқушылардың облыстық VII спартакиадасының екінші кезеңі аяқталды. Спорт жарысының алғашқы қорытындылары үстіміздегі жылдың 27 июнінде Петропавл қаласында өткізілетін облыстық спартакиаданың қызу тартыс үстінде өтетіндігін аңғартады.

Сонымен қатар алғашқы жарыстардың барысы бұл салада әлі де болса көптеген кемшіліктердің бар екенін көрсетті. Бірқатар ірі мектептер бұл жарыстарға қатыспады. Бұлардың қатарына Преснов ауданындағы Николов орта мектебін алуға болады. Ал, Булаев ауданындағы Возвышен орта мектебінің спортшылары жарыста өте төмен көрсеткішке ие болды.

Спорттық кейбір жекелеген түрлерінің әлі де болса мектеп өміріне берік сіңе алмай отырғандығын атап айтқан жөн. Мәселен, аудандық жарыстарда гимнастика, суда жүзу, балға және диска лақтыру сыяқты спорт түрлерінің өте аз болғандығы осыны аңғартады.

Бірқатар мектеп басшылары жас ұрпақтарды тәрбиелеудегі бұл аса маңызды жү-

«Атом азамат» бөлет — жаңа келіссөздер, тағы басқалары халықтар арасында сенімді нығайту ісіне бағалы үлес болып қосылды. Төрт держава кеңесінің басты міндетін шешу үшін мемлекеттердің қару-жарағын азайту және атом қаруына тыйым салу, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру, Азияда және Қытай Шығыста бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіру сияқты халықаралық турмыстың шын мәнісінде пісуі жеткен осындай маңызды мәселелеріне төрт державаның әрекеті назары аударылуға тиіс.

АҚШ-тың және басқа батыс елдерінің бірқатар саяси қайраткерлері ұзақ уақыттан бері төрт державаның үкімет басшыларының кездесуіне тура қарсы шығып келді. Бірақ ең жоғары дәрежеде келіссөздер жүргізу идеясын жұртшылықтың мейлінше күшті қолдағандығы соншалық, ендігі жерде бұл келіссөздерден ашықтан ашық бастарту мүмкін болмай қалды. Осыдан кейін келіссөздерден бастарту тактикасының орнына келіссөздерді сөзсіздікке ұшырату тактикасы іске қосылды.

Міне мұны АҚШ-тың және басқа батыс елдерінің реакцияшыл баспасөзі насихат мақсатымен көтерген, төрт үкімет басшы-

отыр». Газет батыстың саясатшыларын «үмітсіз және ескірген позициялардан» бастартуға, пісуі жеткен халықаралық проблемаларды шешудің нақты жолдарын іздестіруге шақырды.

Төрт державаның алдағы кеңесі — халықаралық турмыстағы маңызды оқыйға. Кеңестің табыспен өтуі — оған қатысушылардың бәрінің мемлекеттер арасындағы қатынастарда шиеленіс тудырып отырған себептерді жоюға бағытталған ізгі ниеттілік көрсетуіне байланысты. Ал бүкіл дүние жүзінің барлық халықтары да дәл осыны тілеп отыр.

ЖАҢТАЛАСА ҚАРУЛАНУДЫ ЖӘНЕ «ҚЫРҒЫҢҚАБАҚ СОҒЫСТЫ» ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ АЙЛА- ӨРЕКЕТТЕРІ

Мемлекеттер арасындағы қатынастарда сенушілік жағдайын тудыру қару-жарақты азайтудың, атом қаруына тыйым салудың және жаңа соғыс қатерін жоюдың көлемді программасын жүзеге асырудың алғышарты болып табылады. БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі Комиссиясының Лондонда мәжіліс өткізген Көмекші комитетінің қарауына Совет үкіметі осы мәселе жөніндегі өз ұсыныстарын енгізген кезінен бері бір жарым айға жуық уақыт өтті. Батыс державалары-

ты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы конвенцияның орындалуына халықаралық норменді бақылау қоюға да қажетті жағдай тудырған болар еді.

Совет ұсыныстарында батыс державаларының көптеген ұсыныстары ескерілді, мұның өзі көзқарастарды жақындас-тыру және өзара мақұлдайтын қарар қабылдау ісіне көмектесуге тиіс. Бірақ мұндай қарар қабылдау, тегі, жанталаса қарулану саясатын жақтаушыларға ұнамайтын сияқты. Өйткені ССРО, жалпы жұрттың тануына, келісілген қарар қабылдауға негіз бола алатын ұсыныстар енгізген кездің нақ өсінде, БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі Комиссиясы Көмекші комитетінің, батыс державалары өкілдерінің инициативасы бойынша, өзінің жұмысын іс жүзінде белгісіз мерзімге тоқтатып тастағанын басқаша себеппен түсіндіру мүмкін емес.

Батыс державаларының советтік ұсыныстарды талқылаудан жалтаруға тырысқан әрекетін тек олардың жанталаса қарулануды тоқтатуға, қару-жарақты азайтуға, атом қаруына тыйым салуға және бұл шаралардың орындалуына халықаралық бақылау қоюға бағытталған нақты шаралар қолданғысы келмей отырғандығының белгісі деп қана бағалауға болады.

Я. МАЗОР.

Сан-Францискода БҰҰ-ның мерекелік сессиясының ашылуы

САН-ФРАНЦИСКО, 20 июнь (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін Сан-Францискода БҰҰ Уставына қол қоюдың он жылдығына арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының мерекелі сессиясы ашылды.

Сессия мәжілістері үшін бөлініп, мерекегідей безендірілген опера театрының алдына сессия ашылмастан көп бұрын Сан-Францисконың тұрғын адамдары жыйналды. Олар мәжіліске келген делегаттарды жылы жүзбен құттықтады. Президиум орны қойылған театр сахнасы БҰҰ-ның эмблемасымен және БҰҰ-ға мүше 60 мемлекеттің мемлекеттік жалауларымен безендірілген. Делегаттарға, қонақтар мен тілшілерге лық толған мәжіліс залының мәжіліске қатысқысы келетіндердің бәрін сыйдыруына мүмкіндігі жоқ. Мәжіліс залында орын жетпегендер үшін қосымша үй бөлінді. Мәжілістің барысы бұл үйге радио және телевидение арқылы беріледі.

Жыйналғандар Совет Одағы делегациясының басшысы, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовтың президиумға келуін қол соғып қарсы алды. Мәжілістің президиумынан БССР Сыртқы Істер Министрі Б. В. Киселев,

ССРО-ның АҚШ-тағы елшісі Г. Н. Зарубин, ССРО-ның БҰҰ-дағы тұрақты өкілі А. А. Соболев, АҚШ мемлекеттік секретары Даллес, Англияның БҰҰ-дағы тұрақты өкілі Диксон, Канаданың сыртқы істер министрі Шарсон және басқалары орын алды.

Жергілікті уақыт бойынша күндізгі сағат 3-те БҰҰ Бас Ассамблеясы ІХ сессиясында председателдік еткен, БҰҰ-ның мерекелі сессиясының уақытына председателі Ван Клеффенс сессияның салтанатты мәжілісін ашық деп жариялады. Ол БҰҰ-ның бас секретары Хаммаршельден бірге АҚШ-тың президенті Эйзенхауэрді мәжіліс залына шақырды. Бұдан кейін Ван Клеффенс АҚШ президентіне сөз берді.

Президент Эйзенхауэр өзінің құттықтау сөзінде мерекелік сессияға қатысушыларға АҚШ конгресінің арнаулы құттықтау сөлемін тапсырды.

Сан-Франциско қаласынан делегаттарды мэр Робинсон, Калифорния штатынан — штаттың губернаторы Найт құттықтады.

БҰҰ-ның бас секретары Хаммаршельд өзінің қысқаша кірісе сөзінде бүкіл дүние жүзі халықтарының БҰҰ-ға жүктеп отыр-

ған зор жауапкершіліктері туралы айтты. Ол халықаралық шиеленісті кейбір бәсеңдетуге әкеліп соқтырған жуық арада өткен халықаралық оқыйғалар — Азия мен Африка елдерінің Бандунгтегі конференциясы, Австриямен мемлекеттік договор жасау, төрт держава басшыларының кеңесіне әзірлік туралы еске салды. Хаммаршельд мынаны атап көрсетті: осы оқыйғалардың бәрі де бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен хауіпсіздікті бұдан әрі нығайтуға «жаңа үміт тудырады». БҰҰ-ның бас секретары бұдан әрі бейбітшілікті нығайту және халықтардың турмыстық дәрежесін жақсарту жөнінде БҰҰ өзінің күшін өсіреді деген сенім білдірді.

Бұдан кейін сөз сөйлеген БҰҰ-ның мерекелік сессиясының председателі Ван Клеффенс делегаттардың назарын сессияның халықаралық зор маңызы бар екеніне аударды. Ол былай деді: дүние жүзінің халықтары сессиядан «халықаралық жағдайды жақсарту ісіне маңызды үлес қосуды» күтеді.

Ван Клеффенстың сөзімен сессияның ашылуына арналған салтанатты мәжіліс аяқталды. 21 июньде сессия өзінің жұмысын онан әрі жүргізеді.

ликасы біздің достарымыз болып табылады.

Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының шақыруы бойынша Вьетнам Демократиялық Республикасы үкіметі мен Вьетнам еңбекшілері партиясы бүгін Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасына делегация аттандырып отыр.

Мен бұл делегацияны бастағанымз бақыттымын және біздің сапарымыздың Вьетнам халқы мен Вьетнам Демократиялық Республикасының үкіметі және туысқан екі елдің халықтары мен үкіметтері арасындағы туысқандық ынтымақты бұдан былай да нығайта беретіндігіне сенемін.

ШВЕД ЖУРНАЛИСІ ӨЗІНІҢ ССРО-ҒА БАРҒАН САПАРЫ ТУРАЛЫ

СТОКГОЛЬМ, 22 июнь (СОТА). «Моргон-Тиднинген» газеті кеше өзінің бас редакторы Герст Эльфвингтің швед парламент делегациясының Совет Одағына барған сапары туралы кезекті мақаласын басты.

Мақаланың авторы Сталинградтың қалпына келтірілуі, қала еңбекшілері жасаған орасан зор жұмыстар, олардың шаттығы және бүкіл совет халықтарымен бірге бейбітшілікті сақтауға ұмтылушылығы туралы айтады.

Сталинград үйінді мен күлдің арасынан көтерілді, деп жазады Эльфвинг. Кәзіргі уақытта бұл қала қаражат пен көлемі жағынан шектеушілікті білместен көркеюде. «Волга-Дон каналына келетін болсақ, — деген бұдан әрі автор, — ол бағылы идеялар мен конструкторлардың творчествосы нәтижесі қаншалықты зор болса, құрылыстағы жоспарлылықтың да сондай зор екендігін көрсетеді».

АҒЫЛШЫН БАСПАСӨЗІ СОВЕТ ОДАҒЫ МЕН ИНДИЯ АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚҚА АРНАЛҒАН МИТИНГ ТУРАЛЫ

ЛОНДОН, 22 июнь (СОТА). Барлық газеттер көрнекті орындарда ірі тақырыптар мен Совет Одағы мен Индия арасындағы телеграф энд морнинг пост» Н. А. Булганиннің сөйлеген сөзі туралы Москвадан хабарлар басуда. «Таймс» пен «Дейли телеграф энд морнинг пост» Н. А. Булганиннің сөзін басты тақырып етіп таңдап алған. Барлық газеттер де Совет үкіметінің халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті жақтауға ұмтылып отырғандығын атап өтуде. «Дейли Мейл» және басқа газеттер Н. А. Булганиннің Совет Одағы сыртқы саясатының басты мақсаты және жоғары принципі оқашан да бейбітшілік пен халықтардың хауіпсіздігін қамтамасыз ету болып келді және болып қала береді, деген мәлідемесін келтірген.

шықтыққа жүгіруден облыстық рекордтар жасады. Ал, Петропавлдағы Киров орта мектебінің оқушысы Кузнев ядроны 11 метр 24 сантиметр қашықтыққа лақтырып, облыстық рекордты жаңартты.

Приешім, Ленин және Полудень аудандарының волейболшылары, Булаев ауданының баскетболшылары облыс бойынша бірінші орын алу жарыстарында жүлделі орындарға ие болды.

Өткен жылдары болып өткен облыстық спартакиадалар республикаға аты шыққан бірнеше жас спортшыларды айқындаған еді. Полудень орта мектебінің бұрынғы оқушысы Ф. Листопад бұл күндері я-

Елімізде футболдан бірінші орын алу жарысы

„Б“ тобындағы командалардың ойындары

Елімізде «Б» тобындағы командалардың арасында футболдан бірінші орын алу жарысының 11 туры аяқталды. Бірінші аймақтағы күрес өте-мөте шиеленіскендігімен көзге түсті. Кәзір турнир кестесінде алдыңғы орындарды алған төрт команданың ерқайсысында 14 ұпайдан бар. Бұл командалар: «Буревестник» (Кийинев), «Красное знамя» (Иваново), «Спартак» (Калинин), «Шахтер» (Москва бассейні) болып отыр.

Кийиневтің «Буревестник» командасының футболшылары ақырғы кездесуге дейін турнирдің лидері болып келіп, 1:4 есебімен Харьковтың «Локомотив» командасынан ұтылып қалды. «Красное знамя» командасы (Иваново) 1:0 нәтижесінде Ступино қаласының (Москва облысы) футболшылары жеңді. «Спартак» (Калинин) және «Шахтер» (Москва бассейні) командаларының арасындағы жарыс 1:1 болып тең аяқталды. Запорождық «Металлург» командасының спортшылары 2:0 есебінде Ужгород спартакшылары жеңді. Днепронетровскінің «Металлург» командасы «Пищевик» (Одесса) командасымен кездесуде 3:0 есебінде жеңіске ие болды. Таллин динамошылары 0:1 есебінде Вильнюс спартакшыларынан жеңіліске ұшырады. Риганың «Даугава» командасының Киевтің Офицерлер үйінің футболшыларымен кездесуінде жеңіс 1:0 есебімен алғашқы командаға берілді. Севастополь және Львов

оқушылар арасында спорт жұмысын кеңінен насихаттауға белгілі дәрежеде керісінше әсер етуде. Сол сияқты осы уақытқа дейін «Динамо» стадионының басшылары спартакиаданы ойдағыдай өткізу жұмысын қызу қолға алмай келеді.

Мектеп оқушыларының облыстық спартакиадасы облыс мектептерінде жас ұрпақтарды спортқа тәрбиелеу жұмыстарын жақсартуға көмектесуге тиіс.

И. ЗАЛМАНОВ,

Облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары, облыстық спартакиаданы өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің председателі.

Офицерлер үйлері футболшыларының арасындағы жарыста есеп ашылмады.

Екінші аймақ бойынша Тбилиси Офицерлер үйінің футболшылары алда келеді, олар 18 ұпай жыйнады. Соңғы күндері Тбилиси футболшылары екі кездесу өткізді. Олар 2:0 есебінде Свердловскінің «Авангард» командасын ұтып, 1:2 нәтижесінде Ташкенттің спартакшыларынан жеңіліске ұшырады. Бакудың «Нефтяник» командасы Челябинің «Авангард» командасымен кездесуде 4:1 есебімен жеңіске жетті. Горький қаласының торпедашылары 2:1 есебінде Ташкент спартакшыларын жеңді. «Нефтяник» (Краснодар) командасы Сталинград торпедашыларымен кездесуде 3:2 нәтижесінде жеңіске ие болды. Свердловскінің «Авангард» командасының футболшылары 0:1 есебімен Ереванның спартакшыларынан ұтылды. Осы екінші аймақ бойынша 3 кездесу тең аяқталды. Воронеж қаласының командасы мен Саратовтың «Энергия» командасының кездесуі 1:1 болып аяқталды. Калининград қаласы (Москва облысы) командасының «Урожай» (Алматы) командасымен және Челябинің «Авангард» командасы футболшыларының «Торпедо» (Дондағы Ростов) командасымен кездесулерінде есеп ашылған жоқ. (СОТА).

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ҮШҚАЛАҚ»

«РИО ЭСКОНДИДО»

Сеанстар кешкі сағат 5, 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00809

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.